



ӘЛЕМ НАЗАРЫ –
АЛМАТЫ АЛАҒЫНДА

3

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №38 (6489) 7 мамыр, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

АЙБЫНДЫ АРМИЯ –

елдегі тұтастық пен тыныштықтың мықты қалқаны



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛІ.

БЕЙБІТ ӨМІР – АРДАГЕРДЕН АМАНАТ

Жер-ананың құлпырып, гүлге оранған көктем мезгіліндегі мамыр айының бір ерекшелігі сол, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Жеңіс күні қатар келеді. Екі күн бір-бірін толықтырып, бір-бірінің мерейін асырып тұр.

Ел іргесінің бүтін, шекарасының бекем болуы әскер қатарында Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаздарға байланысты. Иә, еліміздің тыныштығына, қауіпсіздігіне, қариялардың амандығына, әйел-аналардың бақытына, балдырғандардың шат күлкісіне жауапты отаншыл ер-азаматтар тұрғанда, бізге алаңдауға еш негіз жоқ.

Олар – Ұлы Отан соғысында тобығынан қан, толарсақтан саз кешіп, қар жастанып, мұз төсеніп жүріп шейіт болған арқалы аталарымыздың ұрпағы, олардың ерлігін сабақтаушы заңды жалғасы, бабалар сыйлап кеткен бейбіт өмірдің бүгінгі шырақшысы.

Ал жас буын бүгінде қатары сиреп қалған соғыс ардагерлерін аялай білуге міндетті, оларды құрметтеу – парызы. Ардагер аталардың жауынгерлік рухы баршаға үлгі, тіпті, айбат болуға, биік мақсаттарға жетелеуге тиіс. Отан қорғаушы аға буынның ізін басып келе жатқан жас өрендердің бойына отансүйгіштік пен патриотизмді сіңіре білсек, бізді ешбір жаудың ала алмасы анық. Бейбіт өмірдің туы ешқашан жығылмағай!

(Мереке күндеріне арналған материалдарды газеттің ішкі беттерінен оқи аласыздар).

БІЗ БІРГЕМІЗ!

Алматы әкімдігінің тобы Батыс Қазақстаннан оралды

Алматы әкімдігі ел өңірлеріндегі су тасқыны жағдайына жедел ден қойып, гуманитарлық көмек жинады. Қысқа мерзім ішінде қала тұрғындары қоймаларды азық-түлікпен, киіммен, гигиеналық құралдармен және тұрмыстық заттармен толтырды.

Радиоэлектроника және байланыс әскеринженерлік институтынан 200-ден астам еріктімен 100 курсант зардап шеккен аймақтарға қажетті заттарды қабылдады. 29 наурыз бен 3 мамыр аралығында алматылықтар 512 тонна гуманитарлық көмек жинады. Алматылық меценаттар азық-түлік, киім-кешек және басқа да тауарларды сатып алумен қатар, арнайы техника бөліп, гуманитарлық көмекті орналастыру үшін қоймалар ұсынды.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша Батыс Қазақстан облысына жөнелту үшін 400-ге жуық маман – сәулетшілер, құрылысшылар, энергетиктер, техникалық персоналдан және жүргізушілері мен механиктері бар 243 арнайы техникадан тұратын толық жасақталған штаб құрылды.

«Мен әр минуттың қымбат екенін сезіндім. Біз БҚО-ға жүктерді уақытында жөнелту үшін тәулік бойы жұмыс істедік. Мен жүктің дұрыс тиелген, тиелмегеніне және тасымалдау құжатын ресімдеуге жауапты болдым. Біз 500 келілік өтпелі көпір жасадық, осылайша техника келесі вагондарға кедергісіз ауысып



отырды. Ауыр машиналардың әр дөңгелегі сыммен байланған, пойыздардың қауіпсіздігі үшін штангалар қойылды. БҚО-ға пойыз жөнелтуге уақытымыз болмады, кенеттен бастықтар келіп, бізбен бірге жұмыс істей бастады. Біз үлгердік», – деді «Алматы-1» бекетінің 20 жылдық тәжірибесі бар жүк қабылдаушы әрі тапсырушы Шолпан Асанова.

Гуманитарлық көмекті қарсы алатындарға ауыртпалық тудырмау үшін Алматы штабы

толық дайындықпен жолға шықты. Автономды жұмыс үшін қызметкерлер далалық асумен, дәретханалармен, шатырлармен, өрт сөндіру техникасымен, су таситын көлікпен, жылжымалы командалық пунктпен және басқа да қажетті құралдармен жабдықталды. Көмекші персонал құрамында дәрігерлер, ГЖ қызметі және әкімдік қызметкерлері болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

7.05.2024

Түнде:

+4+6 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр жауады.

Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

8.05.2024

Түнде:

+4+6 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ



Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар, жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсыру рәсіміне қатысты.

Жауынгерлік дәстүр сабақтастығы

Президент жиынға қатысушыларды Отан қорғаушы күнімен және алда келе жатқан Жеңіс күні мерекесімен құттықтап, осы екі мейрам жауынгерлік дәстүрдің сабақтастығын паш ететінін, батыр бабаларымыздың даңқты жолын қазір өскелең ұрпақ жалғастырып келе жатқанын атап өтті.

– Бүгінде айбынды армиямыз – елдегі тұтастық пен тыныштықтың мықты қалқаны. Қуатты әскеріміз бейбітшілік пен берекелі өмірді қас қапай күзетіп тұр. Олар қай кезде де қастерлі Отанымызды қорғауға дайын. Ерлік майданда ғана жасалмайды. Ерлікке бейбіт заманда да орын бар. Биыл біз соңғы 80 жылдағы ең жойқын тасқынға тап болдық. Елге қатер төнген сәтте сарбаздарымыз алдыңғы шептен табылды. Ұлттық ұлан, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Төтенше жағдайлар министрлігі және Мемлекеттік күзет қызметінің жеке құрамы антқа адал болудың үлгісін көрсетті. Алапат тасқынға төтен беру үшін 9 мыңнан астам әскери қызметші жұмыла еңбек етті. Мыңнан астам техника жеткізілді. Сын сағатта халқымыздың асыл құндылықтары анық байқалады. Осы орайда Солтүстік Қазақстан облысында апатқа қарсы күрескен 300 сарбаздың еңбегін ерек-

АЙБЫНДЫ АРМИЯ –

елдегі тұтастық пен тыныштықтың мықты қалқаны



ше атап өткім келеді. Олар күні-түні бөген салып, қаланы қарғын судан құтқаруға атсалысты. Жергілікті тұрғындар бұл сарбаздарға айрықша риза болды, оларды зор құрметпен шығарып салды. Міне, халық пен армияның мызғымас тұтастығы дегеніміз – осы. Мұндай мысалдар аз емес, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жеңіс күнін жақындатуға атсалысқан майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне әрқашан құрмет көрсетілетінін айтты. Осы ретте ардагерлерге мерекке орай жыл сайын қосымша төлемақы берілетінін, ал биыл оның көлемі үш миллион теңгеге дейін өскенін жеткізді. Сонымен қатар, өзінің бастамасымен биылдан бастап «Айбын» орденінің үш дәрежесі даңқты батырларымыз – Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың атымен аталатынын еске салып, ұлт перзенттерінің батылдығы мен батырлығы бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін үлгі-өнеге болатынына назар аударды.

Мемлекет басшысының айтуынша, геосаяси тұрақсыздық белең алған қазіргі жағдайда мықты әрі дайындығы сақдай сай әскердің маңызы айтарлықтай арта түсті.

– Біздің әскери қызметшілеріміз БҰҰ

аясындағы түрлі бітімгерлік операцияларға қатысып, өздерінің кәсібилігі мен жоғары деңгейдегі жауынгерлік машығын көрсетіп келеді. Соңғы жылдары әлем елдерінің әскери қуаты туралы рейтингтегі орнымыз едәуір жақсарды. Бұл әскеріміздің дайындығы жоғары екенін әрі үйлесімді әрекет ететінін білдіреді. Қазақстан жер-жаһанға өзін бейбіт ел ретінде танытты. Біз барлық мемлекетпен достық қатынас орнаттық. Кез келген шиеленісті сындарлы диалог арқылы шешу керек деп есептейміз. Бірақ арқаны кеңге салып, қамсыз отыруға болмайды. Қуатты әскеріміз түрлі қатерге сақдай сай тұруға тиіс. Мықты әскер – елдіктің тірегі, – деді Президент.

Отан қорғау – баршамызға ортақ парыз!

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның айбынды армиясы кәсіби тұрғыдан білікті әрі заманға сай озық болуы үшін Қарулы Күштерімізді одан әрі нығайту жұмыстары жалғастырып жеткізді.

– Біз армияның беделін көтеруге айрықша мән береміз. Отан қорғау – баршамызға ор-

тақ парыз. Мұны, әсіресе, өскелең ұрпақ терең түсінгені абзал. Мемлекет жас сарбаздарға жан-жақты қолдау көрсетіп жатыр. Оларға арнайы білім гранттары бөліне бастады. Несиені өтеу мерзімі кейінге шегерілді. Енді армияда жүріп, нақты мамандық алуға болады. «Ер жігітке жарасар, қолындағы найзасы» деп әйгілі Бұқар жырау батырлық пен ерлікті ерекше дәріптеген. Шын мәнінде, әскер – мемлекеттің аса маңызды символы. Мен сарбаздарымыздың жауынгерлік рухы жоғары болғанын мақтан етемін, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты жиында Қасым-Жомарт Тоқаев Отан қорғаушылардың еліміздегі ынтымақ пен тыныштықты сақтауға зор үлес қосып келе жатқанын атап өтіп, офицерлерге әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсырды. Бұдан бөлек, Президент әскери және қызметтік борышын атқаруда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға қосқан үлесі үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

● ҮКІМЕТ

Су тасқыны:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Елімізде жойқын су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға келтірілген залалды өтеу жалғасуда

Үкімет аталған жұмысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жүзеге асырып жатыр. 16 мыңнан астам қазақстандық отбасы мемлекеттік қолдауға ие болды.

Көкөніс бағасы:

ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Үкімет маусымаралық кезеңде көкөніс бағасының өсуіне жол бермеу үшін алдын ала шаралар қабылдады.

Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға индексі үш апта қатарынан төмендеп келеді. Бағаның төмендеуі қарақұмық жармасы, пияз, күнбағыс майы, ұн және басқа да өнімдер бойынша байқалып отыр.

Маусымаралық кезеңде көкөніс бағасының анағұрлым ауытқуына жол бермеу үшін Үкімет Өзбекстан және Тәжікстан жеткізушілерімен тікелей келісім-шарт жасау мүмкіндіктерін алдын ала пысықтады. Сауда және интеграция министрлігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымы – «QazTrade» АҚ өзбек және тәжік серіктестерімен тиісті шарттарға қол қойды.

● Көкөністер Қазақстан нарығына «жасыл дәліз» арқылы және делдалдар мен алысатарларсыз тиімдірек бағамен жеткізілетін болады.

Республиканың зардап шеккен аймақтарының тұрғындары арнайы құрылған өңірлік комиссияларға тиісті өтініштерін беруде. Бүгінгі таңда 24 835 өтінім қабылданды.

Биылғы 4 мамырдағы жағдай бойынша, 16 168 отбасы 5,7 млрд теңгеден астам сомаға 100 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем алды. Мал басының шығыны үшін берілетін төлем көлемі 916 млн теңгеден асты. Бүгінгі таңда зардап шеккен өңірлерде 4556 тұрғын үй тексеріліп, 2845 нысанда бағалау жұмыстары жүргізілді. Жөндеу жұмыстарын жүргізуге және тұрғын үйді қалпына келтіруге 696 млн теңгеден астам қаражат бөлінді.

Аталған көмек 530 отбасын қамтыды. Ақмола, Қостанай, Қарағанды және Павлодар облыстарында тағы 53 отбасыға қараған баспаналарының орнына үйлер мен пәтерлер берілді. Залалды өтеу жұмыстары жалғасуда және Үкіметтің қатаң бақылауына алынған. Ел Президентінің тапсырмасы бойынша барлық зардап шеккен азаматтарға жан-жақты көмек пен қолдау көрсетіледі.

● Қазақстанның барлық өңірінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету және маусымаралық кезеңде көкөністер бағасының ауытқуын болдырмау үшін Премьер-министр келісім-шарттарды уақытылы бекітуді және өнімнің үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

● 9 ӘКК-мен жалпы көлемі 4 мың тонна болатын импорттық көкөністерді, оның ішінде 2060 тонна картоп пен 1940 тонна пияз жеткізуге шарттар жасалды.

● Жалпы алғанда, әкімдіктерге кемінде 18,6 мың тонна картоп, 7,2 мың тонна сәбіз және 5 мың тонна пиязға алдын ала келісім-шарт жасау қажет. Қазіргі уақытта қолда бар қорлардан 81 мың тонна көлемінде көкөніс өнімдері пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, жиында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін өткізу кезіндегі талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау нәтижелері қаралды. Министрлік жыл басынан бері мүдделі органдармен бірлесіп, тауарлық үстеме бағаны асырған 732 фактіні анықтап, 1 мыңнан астам әкімшілік іс қозғалды, 109 өнімсіз делдал алып тасталды. Жалпы, жыл басынан бері баға белгілеуге әсер ететін 2,5 мың-



нан астам тізбекке талдау жасалып, сауда, салық және монополияға қарсы заңнамаларды бұзудың 800-ден астам тәуекелі анықталды. Барлық анықталған фактілер бойынша ақпарат жедел шара қолдану үшін уәкілетті органдарға жолданды. Бақылау-фискалдык және құқық қорғау органдарын тарту арқылы өңірлік комиссиялардың қызметі қайта қаралып, күшейтілді.

Сауда министрлігіне бағаның өзгеруіне күн сайын талдау жүргізу, Ауыл шаруашылығы министрлігіне нарықты отандық өніммен сапалы әрі толық көлемде қамтып, агроөнеркәсіп кешені саласындағы өңдеу көлемін арттыру жөніндегі барлық жоспарланған шараларды іске асыру жүктелді.

■ «Халықты сапалы әрі қымбат емес өнімдермен қамтамасыз ету – Үкімет пен жергілікті билік органдарының басты міндеттерінің бірі. Делдалдарсыз және бағаға қатысты алаяқтыққа жол бермейтін тікелей жеткізілім қажет. Әкімдер құқық қорғау органдарымен бірлесіп бұл мәселеде тәртіп пен ашықтықты қамтамасыз етуге тиіс», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: primeminister.kz;
<https://t.me/KZgovernment>).



САРАПТАМА

Әзербайжан мен Армения келіссөзі:

ӘЛЕМ НАЗАРЫ – АЛМАТЫ АЛАҢЫНДА

Осы аптаның соңына қарай жарты әлемнің назары Алматыға ауғалы тұр. 10 мамырда Әзербайжан мен Арменияның Сыртқы істер министрлері осында кездесіп, Қазақстан ұсынған диалог алаңында бейбіт келісімді бастапқы деңгейде талқылайды. Оңтүстік Кавказдағы бейбітшілік мәселесі шаһарымызда талқыланып жатқанда, жарты әлем назары бізге ауады десек, артық айтылған сөз емес.



Қолдауды жасаған Нурбоосын ӨРІСҰЛЫ.

Бұдан бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан мен Арменияға келіссөздер алаңын ұсынған болатын. Егер Алматыда кездесетін СІМ жетекшілерінің сөзі жарасып жатса, онда бұл ары қарай екі ел басшысының да келіссөз кездесуіне жол ашар. Тараптардың мүдде-шарттары үйлескен жағдайда Қазақ елінің арағайындығымен Қап тауының оңтүстігінде бейбітшілік орнауы мұнда тұр. Сөз ретінде міне осы келіссөздің маңызы мен тарихи мәнін оқырман үшін сабақтай кетпекпіз.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Баку мен Ереванға жасаған сапары аясында екі ел арасында ұзақ мерзімді бейбітшілік орнатудың маңызы туралы атап өткен болатын. Әрі бұл келісімді тез арада жүзеге асырудың аса маңыздылығын да жеткізген еді. Әзербайжан мен Армения тарапы да Қазақ елінің ұсынысын теріс көрмеді, ҚР Сыртқы істер министрлігі қос тараптағы әріптестерімен байланыса отырып, СІМ жетекшілері арасындағы келіссөз кездесуін Алматыда өткізуге уәделескен. Қазақ елі ұсынған алаңда кездесу өтетінін откен аптада өткен баспасөз жиынында Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров мәлімдеді.

«Шынында да, осындай келіссөздер Алматыда өтуге жоспарланып отыр. Біз Әзербайжан мен Армениядағы әріптестерімізбен байланыстамыз. Алдағы келіссөздер тек қана екі тарап арасында жүргізіледі. Астананың делдалдығы туралы сөз жоқ екенін атап өткім келеді. Біз тек қана «Good office» деп аталатын ізгі ниет қызметтерін көрсетеміз», – деген болатын ҚР СІМ-нің ресми өкілі.

Яғни Қазақстан қос тарапқа қолайлы келіссөз алаңын ұсына отырып, өзі үшінші тарап ретінде қатыспайды. Бұл сырт тарап мүддесінің қатысуынсыз, тек Оңтүстік Кав-

казда қарулы қақтығысқа барған екі елдің өз мүддесін тоғыстыра отырып, баянды бейбітшілікке қол жеткізсе деген шынайы үміттен, ізгі ниеттен ұсынылған алаң. Әрі мұндай алаңды ұсынуға Қазақ елінің хақысы, тарихи тәжірибесі де бар. Бұдан 33 жыл бұрын Таулы

Қарабақ автономиясы бойынша дау мен қарулы жанжалды тоқтату бойынша Баку мен Ереван арасындағы келісім Қазақстанның қатысуымен жасалған. 1991 жылы күзде жасалған бұл келісімде Қазақстан мен Ресей арағайындық еткен еді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Айбар ОЛЖАЕВ,
сарапшы:

– Бұған бүкіл әлем көз тігері сөзсіз. Себебі, 30 жылдан астам соғыс өрті өштеген Оңтүстік Кавказда бейбіт заман орнауы мүмкін. Әзербайжан Қарабақ проблемасын Тұран осі арқылы біржолата шешті. Қарабақ деген автономия енді ресми түрде жоқ. Оңтүстік Кавказда соғыс тоқтады. Оған да енді ары қарай даму керек. Нахичеванмен құрлық дәлізін реттеп Түркияға тікелей шығуы тиіс. Онсыз Әзербайжан экономикасы даму импульсін ала алмайды. Ал Армения КСРО мұра ретінде қалдырып кеткен, өзін артқа тартып келген иллюзиядан арғылы, геополитикалық жаппақ, Франциямен әскери одақтас болып, еуроинтеграция жолын таңдайтын болады. Тараптар келісіп жатса Зангезурдан әр көлікке өту ақысын алып отырса, ол Ереванға экономикалық жағымнан тиімді. Армандар ескі өкпелерін ұмытып, Грузия сияқты еуроменталитетке кетсе, онда аймақтағы барлық түйіндер шешімін таппақ.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
саясаттанушы:

– Алматыда өтетін Әзербайжан мен Армения Сыртқы істер министрлерінің кездесуін қазақ дипломатиясының жетістігі десе болады. Екі ел арасындағы даудың басталғанына ұзақ уақыт болды. Кеңес үкіметі ыдырап, мемлекеттер тәуелсіздік алған уақыттан бері екі Қарабақ соғысы болып өтті. Екінші Таулы Қарабақ соғысы кезінде Ресей, Түркия, Еуропалық одақ Әзербайжан мен Арменияны келісімге келуге шақыруға тырысты. Бірақ әзірше бұл істі ешкім жүзеге асыра алған жоқ. Енді міне, татуластыруға ниет білдіргендердің қатарына Қазақстан да қосылды. Министрлерден кейін келіссөздер Мемлекет басшысы деңгейінде өтер болса, қазақ дипломатиясының бітімгерлік қызметінің керемет жетістігі болар еді. Анық осылай болса, посткеңестік кеңістікте геосаяси шиеленіс аймақтары азаяды.

Келісімнен үміт зор

Әрине, бүгінгі жағдайды ол кездегімен салыстыруға мүлде келмейді. Қазір Әзербайжанның да, Арменияның да, жалпы аймақтың да мүддесі, бағыты мен бағдары бұрынғыдан өзгерді. Аталған елдер арасындағы қарым-қатынас та түбегейлі басқа қалыпта. Екінші Таулы Қарабақ соғысы Ереван мен Баку арасындағы жағдайды ғана емес, тұтас аймақтағы геосаяси жағдайға әсер етті. Тіпті, бұл дәуірбөлгіштік маңызды оқиға болды десе де артық емес. Қос тараптың бір мәселеге қатысты ұстанымы екі басқа. Сондықтан да келіссөз ұсынушы тарап ретінде біз «пәлендікі дұрыс, түгілендікі бұрыс» деп баға беруге тиісті емеспіз.

Біз үшін маңыздысы – аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылық. Әрі бұл қазіргі кезде Әзербайжан мен Арменияға ғана емес, іргелес елдер мен аймақтар үшін де өте маңызды. Бұны қос елге жасаған сапары кезінде Мемлекет басшысы да баса айтып өткен болатын. Сондықтан да Қазақстан ұсынып отырған келіссөз алаңында Әзербайжан мен Армения ұзақ мерзімді бейбітшілікке қол жеткізеді деген үмітіміз зор.

Жалпыға белгілі, бұған дейін Ереван мен Бакуды келістіруге көп тарап күш салды. Мәскеу мен Анкараның сыртында Франция, Иран, тіпті Еуроодақтан да ұмтылыс болды. Алайда, осы ұмтылыстар үлкен нәтиже берген жоқ. Таулы Қарабақ Бакуға қарап, қақтығыс толастаса да, екі халық арасында қайшылық қабынған күйінде қалып қойды. Енді міне, Қазақ елі өзінің қатысуынсыз еркін келіссөз алаңын ұсынып, тараптардың жарасып кетуіне жағдай жасағалы отырмыз. Әрине, қазірге қос тараптың қол алысып, құшақтасып кетуіне кепілдік жоқ. Сөйтсе де, үшінші тараптың қатысуынсыз болатындықтан, Алматыдағы алаңнан күтер үміт мол. Қазақ елінің бұл үміті ақталып жатса, осы үш елге ғана емес, Оңтүстік Кавказдан тартып Орталық Азияға дейінгі алып аймақтың болашақ тұрақтылығына үлкен әсерін береді.

Шаһарымызда өткелі тұрған маңызды келіссөздің өзге де маңызды қырлары жайлы сарапшылар пікірін арнайы ұсынып отырмыз.



Естай БОЖАН,
сарапшы.

ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

ҚАРУ-ЖАРАҚ ЖАРЫСЫ

әлемде күрделі мәселеге айналды

Әлем соңғы онжылдықта күрделі геосаяси жағдайды басынан өткізуде. Қарулы қақтығыстар көбейе түсті. Ұлы, орта державалар арасында қару-жарақ жарысы өрши түсті. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі аймақтық жанжалдардың алдын алуға қауқарсыз. Ресей мен Украина, Израиль мен Палестина секілді қарулы қақтығыстардан бөлек, түрлі мемлекеттерде азаматтық қақтығыстар өтуде. Мұның бәрі бай және кедей елдер арасындағы алшақтық, азық-түліктің тапшылығы, экологиялық мәселелерді шешуге кедергі келтіріп отыр. Әсіресе, ұлы державалар арасындағы қару-жарақ жарысы күрделі мәселеге айналды.

Құндылықтар қақтығысы

Америкалық ғалым Самуэль Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» атты концепциясы көпшілікке мәлім. Ол КСРО ыдыраған соң әлемде өркениеттер қақтығысы болады деп болжап еді. Бұл концепция бойынша әлем 8 өркениетке бөлінген: батыс, конфуцилік, жапондық, мұсылман, үнділік, православ, латынамерикалық, африкалық. Негізгі қақтығыс батыс пен батыс емес өркениеттер арасында, оның ішінде мұсылман өркениетіне қарсы өтеді деген ғалым.

Өркениеттер арасындағы қарама-қайшылықты құндылықтар қақтығысы десе де болады. Қандай құндылықтар болуы мүмкін? Әрине, демократия мен демократия емес құндылықтар арасындағы қақтығыс. Франциялық ғалым Алексис де Токвиль «Америкадағы демократия» атты еңбегінде әлемде ерте ме, кеш пе, демократия орнайды деп болжаған. Оның еңбегі XIX ғасырдың бас кезінде шыққан. Одан бергі халық-

аралық саяси оқиғаларды ой елегінен өткізсек, ғалымның болжамымен келіспеске амал жоқ.

Әлемде демократия қалай орнайды? Алексис де Токвиль билік пен оған ұмтылушылар арасындағы талас демократияға жол ашып береді деген. Ғалымның ойында жан бар. Бірінші және екінші әлем соғысы, қырғиқабақ соғыс дәстүрлі державалардың ыдырауына алып келді. Қазіргі батыс пен батыс емес өркениеттер арасындағы қарама-қайшылық демократиялану үдерісіне жол ашуда.

Күштінің заманы

Әлем елдерінің әскери-саяси күш-қуатын зерттеумен айналысатын бірнеше ғылыми орталықтар бар. Олардың ішінде SIPRI (Бейбітшілік мәселелерін зерттейтін Стокгольм халықаралық институты) және Globalfirepower рейтингін атап өтсе болады.

SIPRI институтының талдауына сүйенсек, әлемде соңғы онжылдықта қару-жарақ жарысы өрши түскен. Егер осы қарқынмен өсетін болса, АҚШ пен КСРО арасындағы әскери жарыстан асып кетеді. Орталықтың сөзінше 2023 жылы әлемдегі әскери шығын 2,44 трлн АҚШ долларынан асқан. «Әлемдік әскери шығын трендтері» атты баяндамада қатарынан 9 жыл бойы шығын өсіп отыр дейді. Сонымен қатар, 2009 жылдан бері 5 географиялық аймақта өсім тіркелген. Әскери шығын әсіресе Еуропа, Таяу Шығыс, Азия және мұхит бойындағы елдерде өскен.

Еуропа құрлығында әскери шығынның өсуіне Ресей мен Украина арасындағы қарулы қақтығыс әсер етті. Кәрі құрлық елдері, әсіресе Украина мен Ресейге шекаралас мемлекеттердің әскери бюджеті өсті. Финляндия мен Швеция НАТО-ға мүше болуға ниет білдірді.

Таяу Шығыста шығынның өсуіне Израиль мен Палестина (ХАМАС) арасындағы қақтығыс әсер етті. Бұл өз кезегінде

Израиль мен мұсылман мемлекеттердің қарама-қайшылығын тудырып отыр. Азия және мұхит бойы аймағында Қытай, Солтүстік Корея, Жапония сияқты елдердің әскери әлеуетін арттыруға бағытталған қадамдары шығынның өсуіне түрткі болды.

Әскери шығын бойынша 5 ірі мемлекетке АҚШ, Қытай, Ресей, Үндістан және Сауд Арабиясы енген. Олардан кейін Ұлыбритания, Германия, Украина, Франция және Жапония жайғасқан.

Globalfirepower рейтингінде де ауыз толтырып айтатындай өзгеріс бола қоймады. Биылғы жағдай бойынша АҚШ әскери әлеуеті бойынша бірінші орында. Сонымен қатар, алғашқы бестікте Ресей, Қытай, Үндістан, Оңтүстік Корея тұр.

Еліміз де көштен қалмауы тиіс

Мемлекет қуаттылығының бір көрсеткіші – әскери әлеуеті. Қазақстан да бұл бағытта жүйелі жұмысты жүзеге асыруда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту туралы былтырғы Жолдауда тапсырған болатын. Мұны жүзеге асыру мақсатында бірнеше міндеттер жүктеді:

- импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретін, жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс кешенін құру;
- техниканы шұғыл жөндеуін өндіріс орындарының қуатын арттырып, отандық кәсіпорындарға барынша қолдау көрсеткен жөн;
- заманауи технология трансфертін жасау және жаңа өндірістер ашу;
- арнаулы қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту қоры арқылы өз кәсіпорындарымызға тікелей қаржылық қолдау көрсету.

Әскери салаға бөлінетін қаржы көлемі де артқан. Биыл 1,3 трлн теңге құрап, өткен жылмен салыстырғанда 8,8%-ға өсіп отыр. Globalfirepower рейтингінде Қазақстан 145 елдің ішінде 58-орынға жайғасқан.



Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАС

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
НЫҒАЯ ТҮСПЕКАлматы қаласының әкімі
Чунчоннам-до провинциясының
губернаторымен кездесті**Оңтүстік Кореяның Чунчоннам-до провинциясының губернаторы Ким Тхе Хыммен кездескен Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Қазақстан-Корей қатынастары стратегиялық әріптестіктің жоғары деңгейінде екенін атап өтті.**

Алматы қаласының әкімі Оңтүстік Корея Қазақстан экономикасындағы жетекші шетелдік инвесторлардың бірі болып табылатынын айтты. 2005 жылдан бері шамамен 9,5 млрд АҚШ доллары тартылған. Алматы мен Корея Республикасы арасындағы тауар айналымы қарқынды өсуде. 2023 жылы бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 21%-ға артып, (2022 ж. – 1,05 млрд АҚШ) 1,27 млрд АҚШ долларын құрады.

Алматыда Оңтүстік Корея капиталының қатысуымен 537 кәсіпорын жұмыс істейді (Қазақстанда – 735). Корей бизнесі Samsung, KIA, Hyundai, LG, SsangYong, Lotte және т.б. сияқты ірі компаниялар арқылы кеңінен ұсынылуда.

Өз кезегінде Ким Тхе Хым Ерболат Досаевқа қонақжайлылығы үшін алғыс айтып, қазақ және корей халықтары арасындағы терең тарихи байланыстарды атап өтті. Ким Тхе Хым этника-

лық корейлердің Қазақстанға қоныс аударуының қиын кезеңінде отандастарына көрсетілген қолдауды атап өтіп, одан әрі әріптестікті нығайтуға үміт білдірді.

Ол сондай-ақ Чунчоннам-до провинциясы Оңтүстік Корея экономикасы дамуының локомотиві екенін, экспорт көлемі бойынша үшінші, сауда балансы мен ЖӨӨ бойынша екінші орында тұрғанын хабарлады. Бүгінгі таңда провинцияда электроника, косметика, азық-түлік тауарлары, ауыл шаруашылығы және балық шаруашылығы өндірісі дамыған.

Тараптар ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін зор әлеуетті атап өтті. Кездесу барысында сауда-экономикалық және инвестициялық өзара іс-қимылды, оның ішінде туризм, білім беру және жастарды қолдау салаларын ұлғайту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Алматы ауданында Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының ұйымдастыруымен «Career Day» бос орындар жәрмеңкесі өтті.**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Мансап күнінде қаладағы үздік компаниялар мамандар үшін бос жұмыс орындарын ұсынды. Жәрмеңкеге IT, қаржы, білім беру және басқа да түрлі қызмет салаларындағы жетекші компаниялар қатысты.

Мұндай шаралардың мақсаты – жастардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу, әртүрлі жұмыс берушілермен бір жерде сұхбаттасып, түйіндемесін қалаған орынға тапсыруға мүмкіндік беру. Алаңға 70 мекеме, 1500-ге жуық студент жиналды.

«Жаңадан оқу бітірген студенттерді, жастарды жұмысқа шақырамыз. Бізде тұтынушыларға қызмет көрсететін банк кеңесшісі және жеке тұлғаларға қызмет көрсететін менеджер жұмысына бос орындар бар. 18 жасқа толған, жасаукершілігі мол қызметкерлер қабылданады», – дейді жеке тұлғаларға қызмет көрсету менеджері Әдемі Сағтарқызы.

Алматы қаласы «Мансап» орталығының директоры Асқар Азаматұлының айтуынша, қазір қалада 47 800 еш жерде оқымайтын, жұмыссыз жастар бар. Былтыр олардың саны 54 мыңға жуықтаған.

«Мансап күні биыл екінші рет ұйымдастырылды. Барлық ауданда кезең-кезеңімен өтетін болады. Бүгін – екінші күн. Кеше Бостандық ауданында өтті. Бүгін Алматы ауданында жалғасын табады. Кейінгі бес жылда әлемде ғана емес, Қазақстанда

МАНСАП КҮНІ

мамандықтар жәрмеңкесі өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



жұмыссыз жүрген азаматтарға, оның ішінде жастарға көп көңіл бөлінуде. СММ, маркетинг, сату менед-

жері, т.б. мамандықтарға қысқа мерзімді курстар оқытады. Ірі компанияларға өте көп менеджер қажет. Байқасаңыз, жәрмеңкеде жұмыс берушілердің көбі осы менеджерлер орнын ұсынып отыр», – дейді ол.

Жазғы демалыста жұмыс істеп, ақша тапқысы келетін студенттер көп. Солардың бірі – Жасұлан Ұзақбай. Қазақ бас саулет-құрылыс колледжінің 2-курс студенті мансап күні ұйымдастырылған жәрмеңкеге өзіне лайық жұмыс іздеп келіпті.

«Былтыр жазда да жұмыс істедім. Колледждегі сабағым аяқталуға жақын. Жазғы демалысты тиімді өткізгім келеді. 2-3 жұмыс берушінің талаптары көңілге қонымды», – деді Жасұлан.

МӘДЕНИЕТ

АЛМАТЫ ЦИРКІНІҢ
ӘРТИСТЕРІ

Britain's Got Talent шоуының екінші турына өтті

Қазақ мемлекеттік циркінің әртістері Батыр Жанұзақ, Марлен Маратов және Зарина Дигарбекова танымал британдық Britain's Got Talent («Британия талант іздейді») телешоуында өнер көрсетті.

Онда біздің әртістер күрделі акробатикалық нөмірді орындады, яғни қатысушылардың бірі баспалдақпен көтеріліп, екіншісі серіктесінің басына сүйеніп, бір қолымен тірек жасады.

Жобаның көрермендері мен қазылар алқасы Саймон Коуэлл, Аманда Холден, Алиша Диксон және Бруно Тониоли әртістерге қошемет көрсетті. Қазақстаннан қатысушылар 17 мамырда өтетін жобаның екінші турына бірауыздан өтті.

Britain's Got Talent – британдық таланттардың танымал реалити-шоуы. Жоба жеңімпаздары ақшалай сыйлық пен 2024 жылдың қарашасында Лондонда өтетін Royal Variety Performance-те өнер көрсету мүмкіндігіне ие болады.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

ANTIKOR

Тұрғындарға тегін
құқықтық көмек
көрсетілді**Алматыда «Бизнеске жол» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобалары шеңберінде қала тұрғындары мен кәсіпкерлерге тегін құқықтық көмек көрсетілді.****Досбол
АТАЖАН**

Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі Atakent mall сауда-ойын-сауық орталығында кәсіпкерлерге тегін құқықтық көмек көрсету бойынша акция өткізді. Айтылған іс-шара әкімшілік кедергілер, процестердің ашық болмауы, артық талаптар қою сынды қиындықтарға тап болған тұрғындар мен кәсіпкерлердің проблемалық мәселелерін шешу мақсатында ұйымдастырылды. Заң консультациясын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топ өкілдері, заңгерлер мен еріктілер көрсетті.

«Акция аясында қаланың кәсіпкерлері мемлекеттік органдардың басшыларынан және волонтер ретінде қызмет еткен білікті заңгерлерден тұратын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топтан құқықтық кеңес алды. Кәсіпкерлерге ыңғайлы болуы үшін іс-шараны өткізу орны ретінде 340-тан астам бизнес субъектісі орналасқан Atakent mall сауда-ойын-сауық орталығы таңдалды. Мәселелердің көпшілігі салық салу, кеден сұрақтары, жер қатынастары және құрылыс салалары бойынша көтерілді», – деді Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің Превенция басқарма басшысының орынбасары Арыстан Асқар.

ӨНДІРІП АЛУ

ШАРТ ТАЛАПТАРЫ ОРЫНДАЛМАДЫ

«Әлия мен Мәншүк» скверін қайта жаңарту бойынша талаптарды толық орындамаған мердігермен келісім-шарт бұзылды.**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова скверін қайта жаңарту жұмыстарын жүргізген мердігер ұйым («ШАХ» құрылыс компаниясы ЖШС) мемлекеттік сатып алудың талаптарын толық орындамайтын қатысушы ретінде танылды. Мердігермен келісім-шарт бұзылды,

құрылыс жұмыстарын бұзғаны үшін компаниядан 56,1 млн теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндірілетін болады.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы жаңа мердігерді анықтауға қайта конкурс жариялады. Конкурстық рәсімдердің аяқталуының болжамды күні 2024 жылғы 25 мамыр, скверді реконструкциялау жұмыстарының толық орындалуы – ағымдағы жылдың соңына дейін.

Естеріңізге сала кетейік, «Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы» КММ мен «ШАХ» құрылыс компаниясы» ЖШС арасында скверді абаттандыру және реконструкциялау жұмыстарын жүргізуге шарт 2022 жылдың 15 қыркүйегінде жасалған. Нысанды аяқтау 2023 жылдың 31 мамырына дейін жоспарланған. Жобада сквер аумағында орналасқан «Одуванчик» және «Аққу» субұрқак кешен-

дерін қайта жаңарту, технологиялық жабдықтарды, қаптау материалдарын ауыстыру және техникалық жайларды жөндеу жұмыстары көзделген болатын. Сонымен қатар, қолданыстағы асфальтты брусчаткаларға ауыстыру, шағын архитектуралық формаларды (орындықтар мен коқыс тастауға арналған жәшіктерді), автоматты суару жүйесін орнату, дренаж жүйесін, сыртқы жарықтандыру жүйесін қайта құру және қолданыстағы жарықтандыру құрылғыларын ауыстыру қарастырылған.

Аталған нысанда жұмыстар уақытылы жүргізілмегендіктен, басқарма мердігер ұйыммен шартты бұзу, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға талаптарды орындамайтын қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы сотқа талап-арыз жолдады. Талап-арыздар толығымен қанағаттандырылды.



БРИФИНГ

Мерекелік іс-шаралар күні бойы аудан әкімдіктерінің алаңдарында да, саябақтарда да, тіпті тұрғын үйлердің аулаларында да өтеді. Алматылықтарды аталған іс-шараларға қатысуға шақырады.

ЖЕҢІС КҮНІ

негізгі іс-шаралар 28 панфиловшы-гвардияшылар саябағында өтеді



Гүлжанат СЕМБАЕВА

«Қала әкімдігі ардагерлер кеңесімен бірлесіп 42 пункттен тұратын қалалық іс-шаралар жоспарын әзірледі. Оған барлық ұйымдастырушылық іс-шаралар, сондай-ақ ардагерлерді әлеуметтік қолдау мәселелері кіреді. Қалада іс-шаралар өткізілетін орындарды мерекелік безендіру жұмыстары басталды. Қала бойынша билбордтар, медиабордтар LED-экрандар ресімделді. «Жеңіс» таспалары дайындалып, таратылады. Оларды белсенді тарату үшін еріктілер тартылады», – деді ол.

Негізгі іс-шара 9 мамырда 28 панфиловшы батырлар саябағында өтеді, онда Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығына арналған Мәңгілік алауға гүл шоқтары қойылады. Сонымен қатар, қала аумағында орналасқан барлық соғыс батырларына арналған ескерткіштерге гүл шоқтарын қою жоспарлануда. Жергілікті жерлерде аудан әкімдіктері ардагерлердің жастармен кездесуін ұйымдастырады.

Баспасөз конференциясына қатысқан Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектерін үйлестіру кеңесінің төрағасы Мұрат Әбдішүкіров дәстүрге айналған «Ер есімі – ел есінде» («Батырларға тағзым») онлайн-

акциясына batyrlargatagzym.el.kz арнайы платформасының көмегімен қатыса алатынын атап өтті. Сонымен қатар, қаланың жоғары оқу орындары мен колледждері мен мектептерінде патриоттық іс-шаралар, жауынгерлік іс-қимыл ардагерлерімен кездесулер және тақырыптық «Ерлік сабақтары» өтеді.

Мерекелік іс-шаралар күні бойы аудан әкімдіктерінің алаңдарында да, саябақтарда да, тіпті тұрғын үйлердің аулаларында да өтеді. Алматылықтарды аталған іс-шараларға қатысуға шақырады.

Патриоттық акциялар

Мерекенің мәні қазіргі ұрпақ бостандық пен бейбіт аспан үшін жандары құрбан болғандардың ерлігін ұмытпай, есте сақтауында. Бұл туралы брифингте Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов мәлімдеді. Спикердің айтуынша, биыл Алматыда Жеңіс күні жоғары деңгейде ұйымдастырылады.

«Бізге гүл шоқтарын қою рәсімдері, еске алу іс-шаралары, мерекелік концерттер өткізіледі, ардагерлерге құрмет көрсетіледі», – деді спикер.

Қалалық Ардагерлер кеңесі әкімдікпен бірлесіп, ең алдымен, халқымыздың осы соғыстағы Ұлы ерлігін еске алуға бағытталған кең ауқымды мәселелерді қамтитын іс-



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

шаралар жоспарын бекітті. Ақан Бижанов, өкінішке қарай, жыл сайын ардагерлер қатары сиреп бара жатқанын атап өтті. Бүгінгі таңда Алматыда Ұлы Отан соғысының 43 ардагері тұрады. Ақан Бижанов соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне көмектесетін еріктілердің рөлін атап өтті.

Алматыда 43 соғыс ардагеріне Жеңіс күні қарсаңында 2 миллион теңгеден беріледі. Ұлы Отан соғысы ардагерлерін әлеуметтік қолдау туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов айтып берді.

«Алматы қаласы әкімінің тапсырмасына және мәслихат шешіміне сәйкес биыл Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне қосымша 1 млн теңге төленеді. Барлығы 2024 жылғы олар 2 млн теңгеден алады», – деді Б.Жаубасов.

Осылайша 2024 жылғы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай біржолғы әлеуметтік көмек төлемдері белгіленді:

1. ҰОС ардагерлеріне – 2 млн теңге;
2. ҰОС ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге – 100 мың теңге;
3. Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдардың ардагерлеріне – 100 мың теңге;
4. Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекет-

тердегі ұрыс қимылдары кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына – 100 мың теңге;

5. Қайтыс болған ҰОС ардагерінің әйеліне – 50 мың теңге;

6. Еңбек майданына қатысушыларға – 50 мың теңге.

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне ай сайын 6,5 АЕК (23 998 теңге) мөлшерінде және коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуіне байланысты 0,8 АЕК (2954 теңге) мөлшерінде ай сайынғы әлеуметтік көмек түрлері көрсетіледі. Сондай-ақ, ҰОС ардагерлері:

- санаториялық-курорттық емделуге тегін жолдама алуға;
- қалалық қоғамдық көлікте (таксиден өзге) тегін жүруге;
- протездеу және протездік-ортопедиялық бұйымдармен (стоматологиялық бұйымдарды қоспағанда) тегін қамтамасыз етілуге;
- арнаулы әлеуметтік қызметтердің кеңілік берілген көлемін (үйде күтім көрсету, медициналық-әлеуметтік мекемелерге жолдау) алуда басымдылыққа;
- амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін және шұғыл госпитализациялауды қамтамасыз ететін ұйымдарда жеңілдетілген көмек алуға құқылы.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

ЖАУЫНГЕРЛІК ҚЫЗМЕТ үздіктері марапатталды



Отан қорғаушылар күні қарсаңында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты 3650 әскери бөлімі жауынгерлік қызметін үздік атқарған сарбаздарды марапаттады.

Әскери бөлімнің атқыштар ротасының міндеті – «Ұлттық ұланы туралы» заңына сәйкес маңызды мемлекеттік нысандарды күнделікті күзету және қорғау. Сондай-ақ, бұл әскери бөлімде атқыштар ротасының мерзімді әскери қызметшілері Отан алдындағы борышын өтеуде. Атқыштар ротасында ай сайын мерзімді әскери қызметшілер мен міндетін үздік орындаған сарбаздарды марапаттау дәстүрге айналған.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай атқыштар ротасының 1-взводы 1-бөлімшесінің аға сарбазы (аға атқышы) қатардағы Талап Оңалбаев және атқыштар ротасының 2-взводы 2-бөлімшесінің аға сарбазы (аға атқышы) қатардағы Нұрбек Әсемов жауынгерлік қызметті және берілген тапсырманы үздік орындағаны үшін бағалы сыйлықпен марапатталды.

Іс-шара атқыштар ротасының командирі, капитан Әкімжан Әшір мен рота командирінің тәрбие және әлеуметтік құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, аға лейтенант Мадияр Дүйсенбектің ұйымдастыруымен өтті. 3650 әскери бөлімінің Тәрбие және әлеуметтік құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник Байрам Алиев қонақ ретінде шақырылып, жауынгерлік қызметтің үздіктері – қатардағы екі сарбаздың ата-аналарына да Алғыс хат берді.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ЭКОМӘДЕНИЕТ

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы аясындағы экологиялық хабтың техникалық ашылуы ғимаратта қалдықтарды өңдейтін шағын цехтардан бастау алды. Хаб жасаушылардың айтуынша, келушілер мұнда пластик қақпақтарды, сусабын құтылары мен шыны бөтелкелерді әкеліп, олардан кәдесыйлар жасай алады. Бұл қалдықтарды міндетті түрде бөлу мәдениетін қалыптастыруға әсер етеді деп есептейді жобаның бастамашылары.



ШЫНЫ МЕН ПЛАСТИК ҚҰТЫ КӘДЕГЕ АСАДЫ



Жақын арада экохабтың өзі толықтай іске қосылады деп жоспарлануда. Одан кейін кәсіпорын қызметкерлері, мектеп оқушылары мен басқа да білім мекемелерінің шәкірттері мен қарапайым тұрғындар осында келіп, шағын өндірістің қалай жұмыс істейтінін өз көзімен бақылай алады.

«Біз қалада экологиялық таза бүкіл

дүниені біріктіретін қандай да бір орналасу түрі жоқ екенін түсіндік. Химиялық заттар, косметика, кейбір тауар қызмет болды. Сонымен қатар, адамдар күнделікті көріп жүрген елеусіз заттардан қайта өңдеу ақылы сұранысқа ие дүние жасауға болатынын біледі», – деп атап өтті Eco Network жобасының негізін қалаушы, «Жасыл Алматы» кеңесінің басшысы Евгений Мұхамеджанов.

– Қайта өңделген пластмассадан жиһаз фитингтерін, қоқыс жәшігін, әр алуан пішінді табуретканы, сондай-ақ қабылдау үстелін жасауға болады. Іске асырудың көптеген нұсқасы бар. Сонымен қатар, бізде пластикалі ерітетін арнайы станок бар: пластикалық үгінді қалыпқа салынып, қыздырылады. Бастапқыда біз краб пен алма түріндегі қатты сувенирді алдық. Бұл балаларға қатты ұнайды екен», – дейді «Экожелі» жобасының жетекшісі Ерасыл Әшімбаев.

Айнабай МӘДІ.



7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

ЕЛ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ЕРЛІК

ешқашан ұмытылмайды



Отан қорғаушылар күні қарсаңында Мемлекет басшысы – ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Астана қаласында Ұлттық ұланның авиация базасының ашылу рәсімі өтті.

Президент, ең алдымен, жиынға қатысушыларды алдағы Отан қорғаушылар күнімен құттықтап, бұл отаншылдық сезімді оятып, жауынгерлік рухты арттыратын мәртебелі мереке екенін айтты. Қарулы Күштерді егемен еліміздің мықты қалқаны, бейбітшілік пен тұрақтылықтың мызғымас тірегі ретінде

атап өтті. Әскери қызметшілердің ержүрек батырлар мен даңқты бабалардың жолын абыроймен жалғастырып келе жатқанын айтып, олардың Отан алдындағы қызметтеріне табыс тіледі.

Шара барысында Мемлекет басшысына Қарулы Күштердің, басқа да әскери құрама-

лардың ұшақтары мен тікұшақтарының, жауынгерлік және арнаулы техникаларының жаңа үлгілері таныстырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев авиабаздағы бірқатар инфрақұрылымдық нысанды аралап көрді.

– Авиациялық базаның ашылуы – Ұлттық ұлан ғана емес, бүкіл әскеріміз үшін айтулы оқиға. Бұл база күштік құрылымдардың әлеуетін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Ұшқыштардың шұғыл әрекет етуіне жағдай жасайды. Мемлекет Қарулы Күштерді жабдықтап, әскери инфрақұрылымды дамыту мәселесін айрықша назарда ұстайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздің бірқатар өңірінде болған алапат тасқынға қарсы күресте сарбаздардың алдыңғы шептен табылып, антақ адал болудың озық үлгісін көрсеткеніне тоқталды. Әскери ұшқыштардың кәсіби тұрғыдан білікті және шебер әрекетін ерекше атап өтті. Олардың зардап шеккен аймақтарға гуманитарлық жүк жеткізіп, азаматтарды қауіпсіз жерге көшіргенін, соның бәрін мінсіз атқарғанын тілге тиек етіп, осындай қиын-қыстау кезде халықпен бірге болған сарбаздарға зор ризашылығын білдірді. Әскер сапында өз ісінің нағыз кәсіби мамандары қызмет ететінін жеткізді. Оның айтуынша, Қазақстанның әскери қызметшілері БҰҰ аясындағы түрлі халықаралық миссияларға қатысып, бітімгерлік борыштарын табысты атқарып келеді. Биыл олар өз міндеттерін Голан жоталарында алғаш рет дербес орындауға кірісті. Бұл әскеріміздің дайындық деңгейінің жоғары екенін және еліміздің әлемдік аренадағы беделінің өсіп келе жатқанын анық көрсетеді.

– Халқымыз ержүрек жауынгерлерін қадір тұтқан, оларға құрмет көрсеткен. Мен Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында Талдықорған қаласындағы әскери авиабазға жерлесіміз, Кеңес Одағының екі мәрте батыры Сергей Луганскийдің атын беру туралы тапсырма бердім. Алматылық даңқты ұшқыштың өнегелі өмірі ұрпаққа әрдайым үлгі болуы керек. Мұндай бастама Ұлттық әскеріміздің беделін арттыра түсетіні сөзсіз. Ел үшін жасалған ерлік ешқашан ұмытылмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Авиабазаның Астана әуе айлағында орналасуы жеке құрам мен техниканы қажет жеріне уақытылы жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, әуеден барлау жүргізу, зардап шеккендерді эвакуациялау кезінде Ұлттық ұланның бөлімшелеріне авиациялық қолдау көрсетеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz)

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

«СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНАН ЕСТЕЛІК»

атты жауынгерлік-даңқ бұрышының ашылу салтанаты өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының №170 жалпы білім беретін мектебінде «Соғыс жылдарынан естелік» атты жауынгерлік-даңқ бұрышының ашылу салтанаты өтті. Оқу ордасынан ашылған музей-бұрышындағы жәдігерлерді жинауға оқушылар мен ұстаздар белсене атсалысқан. Ата-аналар да бұл игі істен шет қалмаған. Нәтижесінде музей-бұрышы көпшіліктің назарына ұсынылды.

**Ернұр
РЫСБАЙ**

Салтанатты іс-шараға Түркісіб ауданының Ауған соғысы ардагерлер одағының төрағасы, подполковник Абутжан Амраев, интернационалист соғыс ардагерлері, мектеп директоры Гүлнар Тастанбекова, №3650 әскери бөлімінің жауынгерлері мен аға лейтенант Мадияр Дүйсенбек қатысты.

«Бүгінгі іс-шараның өзіндік ерекшелігі бар. Кешегі қаһарман-

дардың ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Олардың Отан үшін жасаған еңбектері еленбей қалмауы керек. Біздің халықта тарихын білмейтін елдің ертеңі болмайды деген сөз бар. Сондықтан осындай музей-бұрыштардың әр мектепте болғанын қалалар едім. Осы арқылы біз Отанын сүйетін, еліне адал қызмет ететін ұрпақты тәрбиелей аламыз», – деді ардагер Абулжан Амраев.

«Жыл сайын Отан қорғаушылар және Жеңіс күні қарсаңында арнайы іс-шаралар өткіземіз. Жастарымыздың патриоттық тәрбие алуы

өте маңызды. Мен Рақымжан Қошқарбаев, Сағадат Нұрмағамбетов, Бауыржан Момышұлы және басқа да батырларымыздың ерліктері туралы бұлдіршіндеріміздің білгенін қалаймын. Оқушылардың бойында еліне деген сүйіспеншіліктің болуы өте маңызды», – деді мектеп директоры Гүлнар Тастанбекова.

Жауынгерлік-даңқ бұрышын құру идеясы «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің мұғалімі Әділхан Шаяхметовке тиесілі. Ол идеяны басқа мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналары қуана қолдаған. Жұмыла көтерген жүк жеңіл болғаны анық. Нәтижесінде бүгінде музей-бұрышында соғыс ардагерлерінің фотосуреттері, ордендері мен медальдары қойылған. Даңқ бұрышы алдағы уақытта толықтырылатынын мектеп директоры айта кетті. Сонымен қатар, мектепке көршілес орналасқан №3650 әскери бөлімінің қызметкерлері балаларды патриоттық тұрғыдан тәрбиелеуде үнемі қолдауға шақырып жүретін көрінеді.

Жауынгерлік даңқ бұрышының ашылу салтанатында мектеп оқушылары ұстаздардың жетекшілігімен концерттік бағдарлама көрсетті. Оқушылар ән мен биден бөлек, алғашқы әскери дайындық пәнінен алған білімдерін іс жүзінде көрсетті. Сонымен қатар, №3650 әскери бөлім жауынгерлері қоян-қолтық ұрыс өнерімен көпшілікті тәнті етті.

«Біз мектебімізде үнемі түрлі пайдалы іс-шаралар өткіземіз. Бұл өте маңызды. Тіпті, тақырыптық күндеріміз де бар. Мәселен, жұма – қазақ тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі күні. Ұлттық киім киіп, мемлекеттік тілде сөйлеуге тырысамыз», – дейді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлмира Сулейменова.

ОТАНСҮЙГІШТІК

Алиасқар ҚАЛМАҒАНБЕТ,
Радиоэлектроника және
байланыс әскери-инженерлік
институтының 3-курс
курсанты:


АНТЫМА АДАЛ БОЛАМЫН

БАЛА КҮНГІ АРМАНЫМ

Әр адамның балалық шағында ұнататын мамандығы болады. Бірі дәрігер, бірі мұғалім, енді бірі ұшқыш болғысы келеді. Ал мен әскери болуды қаладым. Бала кезімнен әкеммен бірге Жеңіс күніне арналған парадтарға баратынбыз. Әлі есімде, көшеде әскери киім киген адамды көрсем, қатты қызыға қарайтын едім. Ата-анам да әскери адам болуыма қарсы болмады. Керісінше, мені қолдап-қолпаштады. Осы арманымды орындау үшін бала кезімнен сабақты жақсы оқып, спортпен шұғылдандым. Себебі, елді қорғау – үлкен жауапкершілікті талап етеді.

**ӘСКЕРИ ӨМІР «ЖАС
ҰЛАН» МЕКТЕБІНЕН
БАСТАЛДЫ**

Бауыржан Момышұлы атындағы «Жас ұлан» мектебіне оқуға түскенде арманымға бір қадам жақындағанымды сезіндім. Әскери болу мен ойлағандай оңай емес екен. Тәртіп, тәртіп және тәртіп. Күннің бірде-бір уақыты бос кетпейді. Жаңа нәрселерді үйренесің, армандаған әскери киімнің тәулік бойы үстінде. Осы жерден дос та таптым, бауыр да таптым. Бауыржан Момышұлының «тәртіпке бағынсаң, құл болмайсың» сөзінің үлкен мағынасы бар екенін түсіндім. Қолыма алғаш қару ұстаған сәтімде ерекше сезімде болдым. Сол сәтте өзіме серт бердім. Отанымды қасықтай қаным қалғанша қорғаймын деген шешімге



келдім. «Жас ұлан» мектебінің білімі, ұстаздары мен оқушылары көңілімнен шықты. Бір-біріне деген бауырмашылық, ұстаздардың оқушыларға деген қамқорлығы сезілетін еді. Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін деген қағиданы ұстандық.

**ҮЛКЕН ӨМІРГЕ
АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ**

«Жас ұлан» әскери мектебін тәмамдаған соң, нақты саламды таңдауға тура келді. Осы орайда мемлекеттік құпияны қорғау саласын таңдадым. Сол себепті, Алматы қаласында орналасқан Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтына оқуға түстім. Қазіргі уақытта жауапкершілік арта түсті. Бала күнгі арманым аз қалғанына қуаныштымын. Өзім Бауыржан Момышұлының үлгі тұтамын. Тіпті, оның «Ұшқан ұя», «Жауынгердің тұлғасы» сияқты кітаптарын оқығанмын. Меніңше Отан қорғау – әр азаматтың борышы. Мен де өзімнің болашағымды тек елімді қорғаумен байланыстырамын.

Ернұр ЕРЛАНҰЛЫ.



9 МАМЫР – ЖЕҢІС КҮНІ

«ЖЕҢІСТІҢ ЖҰЛДЫЗДЫ САҒАТЫ»



Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі қорынан 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына және Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық батыры, Қазақстан Республикасы армиясының генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Жеңістің жұлдызды сағаты» атты көрме ашылды.



Нұржамал ӘЛІШЕВА

Экспозицияда Кеңес заманы мен қазақстандық суретшілердің, ҰОС қатысушыларының 50-ден аса туындысы, соғыс батырлары мен тыл еңбеккерлеріне арналған картиналар қойылды. Көрменің ашылуында көрермендер әскери-тарихи музейдің директоры А.Байқадамованың қолдауымен ұсынылған генерал Сағадат Нұрмағамбетовтың жеке заттарын тамашалады.

«Жеңістің жұлдызды сағаты» көрмесінің мазмұны сан қырлы. Көрменің интерактивті ақпараттық сүйемелденуі Ұлы Жеңіс үшін майданда шайқасқан қазақстандықтар мен Ұлы Отан соғысына қатысушы қазақстандық суретшілерге арналған.

«Отанды қорғауда бір екпінмен әртүрлі ұлт өкілдері қатар соғысқан. Бізге беларусь, грузин, қазақ, литва, орыс, өзбек суретшілерінің туындыларында көрініс тапқан барлық халықтың бірігуін ерекше атап өту маңызды. Жоғары кәсіби деңгейде орындалған олардың шы-



ғармалары өмірге, қарапайымдылыққа және шынайылыққа, трагедияға, поэтикалық мазмұнға және ерлікке толы. Олар борыш, елге төнген қауіп, сонымен қатар Жеңіс туралы әңгімелейді», – дейді көрме жетекшісі С.Көбжанова. Кескіндеме, графика және мүсін

өнерінен түрлі ұрпақ шеберлері, әр ұлттың дарынды суретшілері бейнеленген туындыларды терең түсінумен қатар, көрме замандастарымызды әлемдегі бірлік, бейбітшілік пен өмірді қорғауға шақырады. Көрме 30 мамырға дейін жалғасады.



АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

«Әлия»

Халқымыздың қаһарман қызы туралы фильм түсіріледі

«Қазақстан баспасөз клубында» «Әлия» көркем фильмінің түсірілуіне арналған баспасөз конференциясы өтіп, БАҚ өкілдері түсірілім тобымен кездесті. Фильм қазақтың қаһарман қызы, Ұлы Отан соғысының қатысушысы, аты аңызға айналған Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналып отыр. Бұл – Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет Кеңес Одағының Батыры туралы түсірілген толықметражды фильм болмақшы. Сәтін салса, көркем туынды Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай, яғни 2025 жылдың мамыр айында үлкен экранға шығарылмақшы.



да, маңызы да айрықша болмақшы. Біз жастарымызға патриотизм туралы жиі айтамыз. Осы сөздеріміз дәлелді, нанымды болу үшін ұлттық қаһармандарымыз туралы шығармалар жазылып, туындылар түсірілсе басқаша әсер етері сөзсіз болары анық. Сіздер ресейлік тележүргізуші, актриса Алена Кулешоваға Кеңес Одағының Батыры, шығыстың шолпан жұлдызы Әлия Молдағұлова туралы кино түсіру идеясы қалай келді екен деп ойлауларыңыз әбден мүмкін.

2019 жылы Әлия Молдағұловаға Санкт-Петербургте ескерткіш ашылып, сол жиында Қазақстанның Ресейдегі елшісі Иманғали Тасмағамбетов қазақ қызының асқан ерлігі, оның қаршадайынан көрген қиындығы туралы әңгімелеп береді. Бұл мәскеулік журналист А.Кулешоваға ерекше әсер етіп, қазақтың батыр қызы туралы фильм түсірмекке бел буады. Алдымен мәскеулік журналист үш жыл бойы биопиктің сценарийін жазады. Ол көп ізденіп, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Әлияның туыстарымен, «Мергендер» фильмінің түсірген режиссер Болатбек Шамшиевпен де кездеседі. Біздің елімізде Әлия Молдағұлова атындағы мектеп, көше атаулары, «Әлия» атты ән мен «Әлия» балеті бар. Дегенмен, көркем шығарма жоққа тән. Бұл фильм соғыс емес, Әлия туралы, – деді Алексей Гостев.

Баспасөз конференциясына Мәскеуден тікелей эфир арқылы Алена Кулешованың өзі де қатысып, батыр қыз туралы ғаламтордағы дайын деректерді пайдаланбай, оның көзін көргендермен кездескенін баяндады.

– Қазақтың батыр қызы Әлия туралы тың деректер іздедім. Бұл жерде асыра сілтеу немесе басқаша бұрмалаушылық жоққа тән. Мұнда тек шынайы оқиғалар арқау етілетін болады. Фильмнің басты ерекшелігі де оның нақты фактілер екенінде. Сондай-ақ, Мәскеу әскери мұрағатында сақталған құжаттар пайдаланылады. Әлия майданға аттанғанда тым жас, 16 бәлкім 17 жаста болған сияқты. Ол небәрі 18 жасында қаза табады. Сондықтан оның рөлін мінезі қайсар, өзі қағілез жас қыз алып шығуға тиіс. Фильмді баршаңыз көрсеңіздер, мен үшін еңбегімнің ақталғаны болар еді, – дейді автор.

Болашақ картинаның қоюшы-режиссері Ален Ниязбековтің есімі елімізге кеңінен танымал. Осы уақытқа дейін «Каникулы в Тайланде», «Моя большая казахская семья», «Агашки по вызову 2: начало», Ауылбайский участковый», «Ты – босс», «Алматы, я люблю тебя» сияқты туындылары арқылы танылған. Ал фильмнің қоюшы-операторы Шерхан Таңсықбаев та осал емес, ол да көпшілікке «Брат или брак», «Жол», «Возмездие», «Донор» картиналары арқылы жақсы таныс.

Кино түсірушілердің айтуынша, осы жылдың тамызында басталатын жұмыс қараша айының соңына дейін жалғасады. Фильмдегі кейбір кадрлар қарлы қыста да жалғаса беретін болады.

«Microcosm Pictures» кинокомпаниясы түсірілім жұмыстарын еліміздің батыс аймағында, Әлияның туған жерінен бастап, Санкт-Петербургте (Ленинградта), сосын Белоруссияда жалғастыратын болады.

9 мамырдан басталатын фильмнің кастингі бүкіл Қазақстанды аралап, Әлияны сомдайтын басты кейіпкерді іріктейтін болады.

Рая ЕСКЕНДІР

Баспасөз өкілдеріне арналған басқосуға фильмнің қоюшы-режиссері Ален Ниязбеков, қоюшы-оператор Шерхан Таңсықбаев,

атқарушы продюсер Зарина Кисикова мен кастинг-директоры Гүлзура Есен қатысты.

Басқосу барысында журналист Алексей Гостев қазақтың батыр қызы Әлияның өмірі мен ерлігіне арнайы тоқталды.

– Қаһарман қазақ қызының ерлігі мен өрлігі туралы түсірілетін фильмнің мазмұны



ЗЕРДЕ

БІР СУРЕТТІҢ ІЗІМЕН

Тосыннан түсірілген бірегей фотоның басты кейіпкері біздің отандасымыз Владимир Фурсов еді

Сұп-суық тасқа сүйенген, не ойлап, не сезінгені белгісіз ақ жейделі, балдақты азаматтың осы бір суреті кезінде жер-жаһанды шарлап, бүкіл әлемнің баспасөз бетінде жарық көрген десек, сенесіз бе? Бүгін біз сонау сұрапыл жылдардағы тұтас бір дәуірді бір өзі-ақ ашып беріп тұрған сурет жайында аз-кем баяндамақпыз.

**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Суретте 1941 жылы Брест қамалын қорғауға қатысқан, құрамында 180 қазақстандық болған 125-ші атқыштар полкінің бірнеше жауынгері тұр. Бергі бетте – бір аяғы жоқ балдақты адам. Фотосурет авторы – фоторепортер, Отан соғысының мүгедегі Михаил Ананьин. Осы бір ғана кадрдың өзі 1941–1945 жылдардағы сұм соғыстың қаншалықты сұрапыл болғандығын көрсетіп тұр.

1971 жылғы қыркүйекте әйгілі Брест қамалы мемориалының ашылу салтанатында тас қамалға басын сүйеп қайғы құшағында тұрған азаматтың осы бейнесі Бүкілодақтық көркемсурет фото-көрмесінде I дәрежелі дипломға ие болған екен. Тосыннан түсірілген бірегей фотоның басты кейіпкері біздің отандасымыз Владимир Фурсов еді. Дәл осы сурет әйгілі Дмитрий Федорович Снегиннің жұмыс үстелі жанындағы кітап сөресінің көрнекі жерінде майдандас досы Бауыржан Момышұлының суретімен және өзінің 1944 жылы жарық көрген «Жылдар» («Годы») атты жыр жинағымен бірге тұрған екен.

...1940 жылы Владимир де әскер

қатарына шақырылады. Брест қаласындағы минометтік батарея полкіне түседі. 1941 жылы маусымда бөлім басшылығы Владимир Фурсовты және тағы бір алматылық жігіт Нури Садықовты запастағы офицер шеніне тапсырған емтихандарының сәтті өткенін хабарлап, құттықтап қолдарынан алады. Фурсов тамыз-қыркүйек айларында әскер қатарынан босап, елге қайтуды, университеттегі оқуын жалғастыруды да армандап қойған болатын.

Ал сол жылдың 22 маусымына қараған түні соғыс басталып кетті. Арман-мақсаттардың да күлі көкке ұшып, өмір де бір сәтке өзгеріп сала берді. Жас сарбаздар оқ пен оттың ортасынан бір-ақ шықты.

...Фурсов кескілескен шайқаста қолындағы гранатасымен қарсы алдынан шыққан танктің көзін жоймаққа ұмтылды. Бірақ адымы ашылмай, оң жамбасы мен басынан қатты соққы алғанын сезеді. Есінен танып құлайды. Көзін ашса, бір неміс мұның басын ауыр етігімен жаншып, тапаншасын кезеніп тұр екен. Көп қан жоғалтқан ол тағы да есінен танады. Әлгі фашист жауынгерді қайтыс болды деп ойлап кетіп қалады.

Немістер жергілікті жеткіншектерді Совет сарбаздарының мәйіттерін жинауға және көмуге


мәжбүрлеп жұмысқа жеккенде, тірі жатқан жауынгер жігітті 13 жастағы қыз бала тауып алады. Бірақ Фурсов нағыз қасіретке толы күндерді кешу үшін аман қалған сияқты.

...Майдан даласында дәрі-дәрмек тапшы, ас-су жағы да жеткіліксіз. Сондықтан ауыр жаратқан жауынгерлер азып-тозып, шыбынша қырылып жатты. Көгер жарығы бар Фурсов бұл тозақтан да аман қалғанымен, жараланған оң аяғы іріндеп кеткесін, дәрігерлер кесуге мәжбүр болады.

Брест маңында немістер ауыр жаралылар үшін алғашқы концлагерь ұйымдастырады. Брест қамалын қорғаушы Фурсов та сонда азапқа толы төрт жылын өткізеді. Ол осы жылдар ішінде Холм, Белые Подляски, Замостье, Сувалки, Торно сынды бірнеше лагерьдің тозағын көрген. Тек 1945 жылдың қаңтарында ғана Қызыл армия оны босатады.

II дәрежелі Отан соғысы орденінің, «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде Германияны жеңгені үшін» медалінің иегері В.И.Фурсов 1921 жылы Өскеменде туған. 1939 жылы ҚазҰУ-ға оқуға түседі. Одан майданға аттанады. Соғыс біткен жылы Алматыға оралып, университеттегі оқуын жалғастырады. 1948 жылы бітіреді. Профессор атағын иеленеді. Ол кісінің жетекшілігімен жиырмашақты кандидаттық диссертация қорғалған деседі.

1975 жылы Қазақстанда бірінші болып табиғатты қорғау және



(Сурет: ашық дереккөзден).

биология пәнінен сабақ беру әдістемесін жазған екен. Осы кафедраның менгерушісі болады. 1995 жылы өмірден өткен.

Биыл Ұлы Жеңіске 79 жыл толады. Бұрын көшпенді кеудесі орден-медалға толы, таяққа сүйенген аталарды, қолдарына қалампыр гүлін ұстаған, белі бүгілген мейірімді де әдемі әжелерді жиі көретінбіз. Бүгінде көрінбейді. Себебі, соғыстың тірі куәгерлері болған сол ата-әжелер көшеге шығудан да қалды. Өйткені, қатары тым сиреп барады...

Біз мектепте оқып жүрген бала кезімізде мұғалім «Ұлы Отан соғысы туралы не білесіңдер?» деп сұрағанда, «1941 жылы 22 маусымда неміс басқыншылары Совет елін жаулап алу үшін басып кірді. Таңғы 4-те бейбіт жатқан елге тұтқиылдан соғыс ашты» деп жаттанды сөздермен жауап беретінбіз. Бірақ бұл сөздердің артында қаншама төгілген қан, жазықсыз қиылған өмір, жетім, жесір қалған әйел-бала болғанын білмедік.

Бүгінгі тілек: осындай жанкешті азаматтар сыйлаған бейбіт өмірдің қадірін білейік, Отанды аялайық!

ЕРЛІККЕ – ТАҒЫМ!

ЖҮЗ ШАҚЫРЫМДЫҚ ЖАНКЕШТІ ЖОЛ

Редакцияға қоңырау шалған алматылық зейнеткер, жоғары дәрежелі дәрігер-хирург Семен Шериязданов Екінші дүниежүзілік соғыстан қайтпаған әкесінің інісі Қабығтай жайлы хабарлар етті. 1941–1945 жылғы сұм соғыс та талай отандасымызды қайғыға бөктіріп, ойран еткені анық. Бір ауылдан он сегізге тоған өрен жастан бастап, елуге енген егделер ел қорғауға аттанса да, солардың сау-саламат қайтқаны сауақпен санарлық.

Сол бір сұрапыл соғысқа шақырту шартында қарапайым адами қағиданың қалыс қалғаны да рас. Бір әулеттен «тігерге тұяқ қалдырмай», он адамды армияға алғаны бар. Бұл – бөлек бір әңгіме. Отбасына қарайласар естияр ең қалдырмаған. Үйде еңбектеген бала мен еңкейген кәрілер ғана қалды. Еңбекке жарамдының бәрі ауыл шаруашылығында тырбанып, өндірістік жұмысқа жегілді. Ұран: «Бәрі – майдан үшін, бәрі – Жеңіс үшін!» болды.

**Айнабай
МӘДІ**

«Қара қағазды» көре алмаған ана

Ел қорғау жолында құрбан болған майдангерлерге арналған шығысқазақстандық «Боздақтар» ескерткіш-кітабында Қабығтай жайында дерек бар. Семеннің кіші әкесі саналар Қабең соғыс аяқталар шақта, 1945 жылдың 22 наурызында Берлин түбіндегі Потсдамда қаза тапқан. Семен ағамыз майдангер ағасы жайындағы мәліметтерді одан әрмен іздестіру мақсатымен Ресейдің орталық архивіне талай мәрте хат жазған-ды...

«1942 жылы наурызда Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданының әскери комиссариатынан бір әулеттің үш азаматы: әкем Қоңырбаев Шерияздан (1905), екі інісі – Дәкей (1910) мен Қабығтай (1923) майданға қатар аттанды. Бәрінің тегі – Қоңырбаев. Үлкен отбасында алты жас бала жәудіреп қалды. Жылап-сықтап аналарымыз қала берді. Зайсан көлінің жағасындағы «Аманат» ауылынан сол суыт жылдар 17 мен 50 аралығындағы 18 азамат майданға аттанып, солардың сегізі ғана сан түрлі жаракат арқалап, елге оралды», – дейді соғыс салған зардапты баяндаған қала тұрғыны Семен Шериязданов.

Семеннің әкесі Шерияздан 290-дербес зениттік артиллерияның 1140-атқыштар полкі құрамында жаумен шайқаста 1945-тің сәуірінде миналанған аумақта белдемесінен ауыр жаракаттанды. Госпитальдарда ұзақ емделіп, жыл соңында елге оралған. Оқ өткен амандығы болмаса, ауыр жаракатына қоса, қан кешуден, ыза мен сыздан азап шегіп, белден әлсіреген майдангер-әкей бір жыл бойы сүйікті майлы балықтың сорпасын ішіп, қазақша ем-дом қабылдап, қатарға қосылған.

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген, әкемнің бауырының хабарсыз кеткеніне қайғырсақ та, «асқар тау – әкенің» аман-есен келгеніне қатты қуандық. Ал әкеміз дертінің зардабынан әл жиғанда мез болды. Ең қиыны, әкемнің анасы Рабиға апаға кіші ұлының «хабарсыз кеткені» қиын тиді. Ащы да болса ақиқаты, «қара қағаз» келмесінің кемесімен кеткенше кейуанаға көрсетілмеді. «Жүрегін езіп кетпесін» дегендік болар. Солай, амалсыз жасалған әрекет бұл. Ана байгүс баласын өмір бойы күтуден өткені рас», – деді сәлден соң Семен ағамыз.

Әкесінің кіші інісі соғыстың соңғы шағына дейін отбасына сол кездегі латын қарпімен хат жазып тұрған. Қан майданда жүрсе де, ел мен жердің жағдайын сұрап, хал-ахуал білісіп тұрды. Туған жерге сәлем жолдаған ержүрек жауынгер жаумен жағаласқан аласапыран аймақтағы ерлігі жайында да там-тұмдап хабарлар етіп тұрғаны бар. Жалынға айналған қайран жастық!



Потсдамда жанпида еткен жауынгер

Бала болса да, Семеннің әлі есінде. Әкесінің ортаншы інісі Дәкей оң аяғынан айырылып, екінші топтағы мүгедектікпен майданнан 1944 жылы қайтты. Сұрапыл соғыс жалғасып жатқан сол бір 1944-тің арқыраған ақпанында бір аяқты майданға қалдырған жарымжан жанды орталықтан 100 шақырым жердегі ауылы – «Аманатқа» салт атқа өңгеріп, мінгізіп жіберген. Дәкей ағасы тір-дір еткен күйі туған үйге оралды. Сөйтіп, елдің елеулі бір азаматы оқ пен оттың ортасынан аядай «Аманатына» аманатпен жетті. Қыстың көзі қыраудағы қатерлі сапарға қан-қаспапты көрген майдангер мойымады. Соғыс салған зардаппен туған үйдің түтініне деген сағыныш солдатты сол қасиған қалпында құлатпай жеткізді.

Әкемнің кіші інісі Қабығтай ағамыз Ташкенттегі сержанттар курсынан өтісімен, 130-Тағанрог атқыштар дивизиясы құрамындағы 664-атқыштар полкінде бөлімше командирі ретінде шайқасқа кіріскен. 1945 жылы 13 қаңтарда 76 мм батареяның аға телефонисі, аға сержант Қабығтай Қоңырбаев Шығыс Пруссияның Гумбинан провинциясының Нойзорг елдімекені аумағында болған қан-қаспап шайқасқа қатысты. Сұм соғыста әскери байланыстың үлесі

ерекше-тін. Артиллериялық әзірлік кезінде күші басым жау байланыс желісін бес рет үзіп тастады. Байланыстан ажырау – қолбасшылықтан қол ұзу. Байланысты бекем ұстау – қалыптасқан жағдайды дер кезінде баяндап тұру. Үздік-үздік беріліп тұратын бұйрықсыз жауға төтеп беру оңай емес. Осы үзілудің бәрін де ретке келтіруде батыл байланысшы, кіші командир ерекше ерлік көрсетті. Міне, солай Гумбинан бағытына жол ашылды. Осы көзсіз ерлік батыр байланысшының кеудесіне «Ерлігі үшін» медалін тақты.

Алайда, жеңіс жігерін жаныған Қабығтай сол бақытты сәтті көре алмай, 1945 жылғы 23 сәуірде Берлин түбіндегі Потсдам аумағында қан мен тер аралас кескілескен шайқаста Шығыстың батыр ұланы жанын пида етіп, ерлікпен қаза тапты. Қаза тапқаннан кейін екінші рет «Ерлігі үшін» медалімен наградталған (Бұл мәлімет Орталық архив дерегінен алынды).

Потсдам – сарайлар мен бақтар қаласы. 1990 жылдан бастап бүкіл мәдени қалалық ландшафт ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілгені білдік. Осы қалада қызыл армияның жажүрек жауынгері Қабығтай Қоңырбайұлы мәңгілікке тыныстап жатыр.

«Біреу жыл бұрын сәті түсіп, наурыз айында Қабығтай ағамыз еске алу орайында, «Қазақстан – Германия» достық қауымдас-тығының жәрдемімен Берлин қаласындағы Третьяков саябағында орналасқан «Бауырластар зиратына» туған жердің бір уыс топырағын апарып, аруаққа бағыштап Құран оқытып, ерлікпен қаза тапқан бауырымыздың рухына тағзым етіп қайттық», – деді алматылық еңбек ардагері С.Шериязданов.

«Сол соғыстың соңғы айында бауырымыздан айырылып қайғыдан қан жұттық. Қарғыс атқан соғысқа лағынет айтып ағамыздың қалыңдығы да қара жамылып қала берді. Бұл соғыс талай отбасын ойрандады. Соғыс қасіреті ұмытылмас емес. Елімізде мәңгі бейбіт күн болсын!» деген ардагер-дәрігердің ақ тілегі – барша бейбітсүйгіш жұрттың нақ тілегі.



ӘКІМ

МҮМКІНДІГІ МОЛ МЕКТЕП

Шаһар басшысы Ерболат Досаев жеке инвестиция есебінен салынған жаңа буын мектебіне барды. Аталмыш мектеп 1350 орынға арналған. Жаңа мектеп 300 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Қала әкімі құрылысы 8,9 млрд теңге болатын жеке инвестиция есебінен салынған New Generation School (NGS) мектебінде болып, аралап көрді. Бұл оқу орны екі ғимараттан тұрады. Оның біріншісінің құрылысы 2018 жылы салынып, онда primary және middle school (бастауыш және орта мектеп) орналасқан еді. Ал 2023 жылы инвестициясының көлемі 4 млрд теңге болатын жаңа High School (жоғары мектеп) ғимараты ашылды. Жұмыс сапары барысында қала басшысы мектептің коворкинг орталығын, акт залын, оқу кабинеттері мен робототехника сыныбын, асхана мен кітапхананы аралап, зертхана, химия, физика, математика мамандандырылған кабинет-

терінің, сондай-ақ спорт және тренажер залдарының, бассейн мен арт-алаңның жұмысымен танысты. Шаһар басшысы Ерболат Досаев мектеп оқушыларымен, педагогтармен әңгімелесіп, оқыту мен тұлғалық дамыту әдістемесімен танысты. Өз сөзінде қаланың басқа мектептері үшін үлгі бола алатын оқу үдерісінің жоғары ұйымдастырылғанын атап өтті. Сондай-ақ, қала әкімі түлектерге табыс тілеп, мектеп мұғалімдеріне алғыс білдірді. Қоштасарда «Тілектер кітабына» естелік жазба қалдырды.

– «Біз жалпы, «мектептегі мектеп» қағидаты бойынша жұмыс істейміз. Яғни балалар осында оқып, үй тапсырмасын орындайды, сосын түрлі үйірме мен секцияға қатысады. Сондай-ақ, оқушылар суга жүзу, бокс, футбол, сурет үйірмелерінде аса белсенді», – дейді бастауыш мектеп директоры Руфина Хисамутдинова.

Жаңа мектепте қауіпсіздік шаралары толық қамтылған. Мұнда да мектеп аумағына адамның биометриясы функциясы бар өткізу жүйесі арқылы кіруге болады. Бөтен, бөгде адам кіре алмайды. Ұзын саны 200-ден астам бейнебақылау камерасы орнатылған. Сейс-



КЕРЕК ДЕРЕК

Қазіргі таңда Алматыдағы 122 жекеменшік мектепте 35689 бала оқиды. 2022-2023 жылы 5539 орынды 22 жекеменшік мектеп ашылды.

микалық жаттығулар тұрақты түрде өткізіліп, балалар төтенше жағдайлар кезінде қолданылуға тиіс іс-әрекеттерді пысықтап отырады. Қазіргі таңда осы аумақта оқушылардың дамуы мен шығармашылығы үшін жалпы ауданы 20 мың шаршы метрден асатын екі оқу ғимараты орналасқан. Мектеп 0–11-сынып оқушылары үшін 1350 орынға есептелген. Сондай-ақ, 300-ден астам адамды жұмыспен қамтиды.

Ерболат Досаев қалалық әкімдік Алматыдағы мектептің білім беру жүйесіне жеке инвестиция тартуды қолдайтынын білдірді.

Р.ҚОШҚАРБАЕВ – 100



«АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҚАҺАРМАН»

Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесі №4 кітапхана-бөлімшесінде Ұлы Жеңіс мерекесіне орай, Рейхстагқа алғаш ту тіккен, қазақтың қаһарман ұлы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Аңызға айналған қаһарман» атты кеш ұйымдастырылды.

Экраннан «Қазақтың қайсар ұлы» атты деректі фильм көрсетіліп, «Мәңгілік өшпес отты жылдар» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Ұлы Отан соғысы кезіндегі елдік пен ерліктің шежіресі, қазақстандық жауынгерлердің жау тылында көрсеткен ерен ерліктері туралы кітаптар, сондай-ақ майдангер қаламгерлердің көркем шығармалары қойылды. «Жеңіс туын желбіреткен қаһарман» атты бөлімінде Отан үшін от кешкен майдангердің ерен ерлігі мен ғибратты ғұмырынан сыр шертетін «Рейхстагқа Ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев», «Аты аңызға айналған қаһарман», «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» кітаптары қойылды. Сондай-ақ, Бауыржан Момышұлының «Қанмен жазылған кітап», «Үшқан ұя», «Москва үшін шайқас», Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», Қасым Қайсеновтың «Жау тылында», «Москва үшін шайқас», «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» кітаптары мен Ұлы Отан соғысына қатысқан ақындардың «Майдан жырлары», «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс», «Жеңіс», «Жеңіс сарбазы», «Жарқын тұлғалар» және тағы да басқа кітаптар қойылды. Танымдық кеш барысында Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесі №4 кітапхана-бөлімшесінің қызметкері Арайлым Тайырқызы Рақымжан Қошқарбаевтың өмірі мен ерлік жолдарымен таныстырып, тарихқа тоқталды.

1945 жылы 16 сәуірде Рақымжан Қошқарбаев бас болған шабуылдаушы взвод Одер өзенінің батыс жағалауындағы Гроеннойндорф елдімекеніндегі жаудың бетін қайтарады. Атылған оқтың астымен Қошқарбаев взводты немістердің тұрағының үстінен түсіп, бетпе-бет соғысады. Сол жолы 40 немісті қырып, үлкен калибрлі 3 пулеметті қолға түсіреді. 1945 жылдың 29 сәуірінде Шпрө өзені маңында қанды қырғын болып, жауға тағы да Рақымжан Қошқарбаевтың взводы тойтарыс береді.

Аталмыш шараға Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Батай Қабылов, Алматы ауданы Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Ахмадов, Ауған соғысының ардагері Алматы ауданы Ардагерлер Кеңесінің мүшесі Юн Родиян, Ауған соғысының ардагері Дуан Омаров, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген ардагер, Доманск майданының ардагері Оңғарбек Сыдықбеков, Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің мүшелері қатысты.

ӘДЕБИ-САЗДЫ КЕШ

«Отан қорғаушылар күні» мен «Ұлы Жеңіс» мерекесін Түрксіб ауданындағы Тілеулес Сабырова басшылық ететін №149 бөбекжай-балабақша бүлдіршіндері де ерекше көңіл күйде атап өтті. Бөбекжай-балабақша шаңырағына №61993 әскери бөлімнің қызметкерлері қонаққа келіп, бүлдіршіндердің қатысуымен өткен мерекелік іс-шараға қатысты.

Аталмыш кеш «Отан қорғаушылар күні және Ұлы Отан соғысы бағырларын еске алу күні» атты тақырыпта өрбіді. Әдеби-сазды кеш бойына еліміздің қауіпсіздігі, әскерлеріміздің басты қызметі, бейбітшілік, тыныштық мәселелері арқау болды. Бөбекжай-балабақша ата-аналарының дені әскери қызметкерлер болғандықтан балақайларға әскер өмірі біршама таныс.

ЕЛ ҚОРҒАУҒА ӘЗІРМІЗ!



Кеш барысында майор Досжан Қыдырханұлы мен Ербол Атамбаев әскери қызметкерлердің өмірін тілге тиек етіп, бүлдіршіндерге Отан, патриотизм тұрғысында әңгімелер айтып берді. Бөбекжай-

балабақша бүлдіршіндері де қарап қалмай, әдемі әндер орындады. Үстеріне әскери киім киіп, «Кішкентай болсақ та, ел қорғауға әзірміз» деп шырақан бүлдіршіндерге қонақтар да риза болды.

«BUSINESS STARTUP»

СТУДЕНТТІК ОРТАЛЫҚТАР ҚҰРЫЛДЫ

Колледждерде «Идеядан табысты бизнеске дейін» бизнес-жобаларын іске асыратын «Business Startup» студенттік орталықтары құрылды.

Қазірдің өзінде бұл орталықтарда 665 студенттің экономиканың түрлі бағыты бойынша 167 стартап жобасы жүзеге асырылып жатыр. Студенттік орталықтар әлеуметтік серіктестерді тарта отырып, білім алушылардың кәсіпкерлік дағдыларын дамытып, өз ісін ашуына мүмкіндік береді.

Еліміз бойынша 2028 жылға дейін тағы да дәл осындай 100 орталық ашуды жоспарлап отыр. Осы орталықтардың көмегімен 119 мемлекеттік колледж өздері шығарған тауарларды нарыққа шығарып, олар өз бетінше табыс табу көзіне айналып отыр. Бұдан былай «Business startup» студенттік орталықтары студенттердің стартаптары мен бизнес-идеяларын қолдау мен жүзеге асырудың алаңына айналатын болады.

**Бетгі әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.**



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



101 САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

- * Елімізде жылқы шаруашылығы саласында екі палата жұмыс істейді. Қос палатаға тіркелген асыл тұқымды жылқылардың саны 28 мыңға жуықтайды.
- * ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы мәліметі бойынша елімізде жылқы саны – 4 миллион 400 мың.
- * Асыл тұқымды жылқылар саны 0,7 пайызын сана құрайды. Жалпы, жылқы санының бір пайызына да жетпейді.

УЛТТЫҚ СПОРТ

ТҰЛПАРЛАР ТАЙ КЕЗІНЕН ТАНЫЛАДЫ

Алматыда жыл сайын мамыр айынан бастап күзге дейін араға апта салып, классикалық ұшқыр бәйге ұйымдастыру дәстүрге айналған. Биыл да еліміздің бірнеше өңірінен танымал ат бегілер Алматы ипподромына қарай ат басын бұрды. Алдымыздағы демалыста «Бәйге» федерациясының ұйымдастыруымен бәйгеден Қазақстан чемпионатының III іріктеу кезеңі өтеді. Мұның бәрі – V Дүниежүзілік көшпенділер ойынында республика намысын қорғайтын мықты аттарды іріктеу үшін жасалынып жатқан шаралар. Жарысқа қатысатын тұлпарларды атбегілер, жылқы зерттеуші ғалымдар мен мал дәрігерлері бақылауға алады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВААТТЫҢ ТАҒДЫРЫ –
ҚАЗАҚТЫҢ ТАҒДЫРЫ

Жақында әлемдік дүбірлі додаға дайындық аясында өткен жиынның кіріспесін жазғанбыз. Ұлттық спорт қауымдастығының өкілдері, ат спортының жылқының жағдайын жақсы білетін жанашырлар саладағы мәселелерді талқылап, көкейде жүрген ой-ұсыныстарын ортаға салды.

Ең бірінше мәселе – еліміздің оқу орындарында ат спорты мамандарын дайындайтын факультет тұрмақ, салаға қатысты бірде-бір мамандық жоқ. Енді ұлттық спорт, оның

Төлтумаларды
асылдандыру қажет

ішінде ат спортына баулитын жаңа мамандықтар пайда болады. Жуырда қауымдастықтың бастамасымен Ұлттық спорт жоғары мектебі құрылды. Алғаш рет Алматыдағы Спорт және туризм академиясына «ат спорты түрлерінің жаттықтырушысы» мамандығы бойынша және Алматыдағы Аграрлық университеттің базасында «спорттық жылқы шаруашылығындағы ветеринария» мамандығы бойынша талапкерлерді қабылдау басталады. Адамзатты емдейтін ветеринарияның спорт бағытындағы жылқы шаруашылығына қарай мамандануымен ат спорты маманын дайындаудың негізі қаланып отыр. Аграрлық университетте талапкер оқу бағдарламасындағы ветеринария мамандығының ішінен «ат спортындағы ветеринар» деген бөлек мамандық алып шығады. Мамандығы – ветеринар. Бірақ ат спортына қарай бейімделіп, оқып шығады. Бағдарламаға салаға қатысты 6-7 пән кіреді.

Атап айтсақ, ат спорты және туризм, жылқыны ипподромда және зауытта жарату тренингі, жылқыны азықтандыру, жылқы физиологиясы, жылқы генофонды, ұлттық ат спорты түрлері, т.б. базалық пәндер оқытылады. Бәйгелерге қатысатын аттардың дені – таза қанды, асыл тұқымды жылқылар. Ал таза қанды жылқыны күтіп-баптау жабы жылқыдан мүлдем бөлек. Аграрлық зерттеу университеті базасында спорттық жылқыларды бақылау допинг зертханасын ашу, мал шаруашылығы саласы ретінде спорттық

жылқы шаруашылығының жай-күйін талдау мәселесі де қаралды.

Жиында сөз алған Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов жыл өткен сайын қоғамда ұлттық спортқа қызығушылық артып келеді. Қазіргі таңда Қазақстанда 600 мыңнан астам адам ұлттық спорт түрлерімен айналысатынын мәлімдеп, дегенмен, салада зерттеуді талап ететін мәселелер жеткілікті екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде ұлттық спортты дамытуға жүйелі түрде қолдау білдіріп келеді. V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының елімізде өтуі ұлттық спорт түрлерін дамытуға жаңа серпін беретіні сөзсіз. Осы уақытқа дейін Қазақстан тарихында саланы реттейтін бірде-бір заң қабылданбаған. Оның саланы сапалы, тиімді дамыту мүмкін емес. Бұған байланысты ҚР Ұлттық спорт қауымдастығы заң жобасын әзірлеу мәселесін көтеріп отыр. Бұл – саланы жүйелі дамытудың ең негізгі қадамы», – деді Исламбек Салжанов.

Парламент депутаттарының бастамасымен ҚР кейбір заңнамалық актілеріне спорттық бағыттағы жылқылардың қазақ тұқымын сақтау туралы өзгерістер мен толықтырулар туралы заң жобасы әзірленді.

ҚОСТАНАЙ ТҰҚЫМЫ –
ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНА

Сенат депутаттары қостанайлық жылқы тұқымын сақтау және өсімін молайту жөнін-

дегі заңға бастамашы болды. Ол бүгінде Мәжілістің қаралу сатысында тұр. Бізде спорттық мақсаттағы асыл тұқымды 300-ге жуық қана жылқы бар. Оның барлығы Қостанай жылқысы. Таза спорттық бағыттағы жалғыз тұқымды қазақ жылқысы жылдамдығы жағынан ағылшын аттарынан кейін екінші орында тұр. Санын көбейту үшін Қостанай жылқысы мен Қостанай будандары қатысатын бәйгелер жиі өтіп тұру керек. Ол – халықаралық деңгейде мойындалып, тізімге енген жалғыз тұқым. «Дөңгелек үстелге» онлайн-режимінде қатысқан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі Аманжол Әлтай заң жобасының негізгі мақсаты – мемлекеттік қолдау арқылы қазақтың төл қазанаты – қостанайлық жылқы тұқымының генофондын сақтау екенін атап өтті.

Ат спортының ұлттық тұқымдарын дамыту туралы сөз қозғалса, бәрінің ойына ең алдымен, қазақтың ұлттық қазынасы – Қостанай жылқысы оралатыны рас. Жылқы тұқымын сақтап, санын көбейту керек. Зауыттық жылқы тұқымдары жөніндегі республикалық палатаның ақпаратына сәйкес, бүгінде 228 бас қостанай тұқымы тіркелген. ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының вице-президенті Тастанбек Есентаев жиын барысында биылдан бастап Қостанай жылқысына субсидия бөлінетінін хабарлады.

Тағы бір мәселе – Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкес келетін бірде-бір ипподром жоқ. Жалпы, ел аумағында 45 ипподром бар, оның 33-і – мемлекеттің меншігіне, 12-сі – жеке меншік. Бірақ барлығы бірдей бәйге өткізуге жарамды емес. Талапқа сай бір дұрыс атшабар жоқ. Ал атшабарсыз ат спорты дамытамын деу бекер. Айта кететін жәйт, Алматы ипподромы биыл жылдың басында «Қазақ жокей клубының» қарамағына өтті.

Жиында талқыланған маңызды мәселелердің бірнешеуін айттық. Қалғанын «дөңгелек үстелге» жиналған сала мамандары айтып берді. «Қазақ халқының жылқы мәдениеті мәселелері» тақырыбында баяндама жасаған «Қазақ жылқысының тарихы» еңбегінің авторы, тарих ғылымының докторы Ахмет Тоқтабай жылқы музейін ашу жөнінде ұсыныс білдірді. «Әлемнің 32 елінде жылқыға арналған музей бар. Жылқыны қолға үйреткен, жылқы мәдениетін әлемге тарту еткен халық ретінде бізге міндетті түрде музей керек», – деді ол.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ахмет ТОҚТАБАЙ, жылқы зерттеуші ғалым:

ТАРИХ САХНАСЫНА АТҚА
МІНІП ШЫҚҚАН ХАЛЫҚПЫЗ

Қазақ – ат спортына бай. Бірақ біз қазір санаулы түрін ғана насихаттап, ұлттық спорт ретінде жарыстар ұйымдастырып жүрміз. Республикалық сайыстар 6-7 түрінен әрі аспайды. Қазақтың атқа байланысты спорт түрлерінің саны 40-тан асады. Біразы ұмытылған. Ат спортының ең көп түрін Моңғолия қазақтары, Түркіменстан, Қытай мен Ресей қазақтары сақтап қалған. Ат үстінде орындалатын спорттар өте көп. Қазақтың тарихын, мәдениетін, философиясы мен өнерін жылқысыз жазу мүмкін емес. Қазақ аттың үстіне мінгелі 7 мың жыл болды. Ата-бабаларымыз атқа мінгенде басқа халық жаяу жүріп, аяғының астында не көрінсе, соны құдай жасады, соған табынды. Ал қазақ ат үстіне мінгеннен кейін, көзі аспандағы жұлдызда, көктегі ай мен күнде болды. Көк тәңіріне, Аллаға табынатынымыз осыдан. Сондықтан біздің дініміз де жылқымен астасып жатыр. Бүкіл әлемге жылқының отаны – Қазақстан деп мақтанамыз. Бірақ соны мақтанып, көрсете алатын нәрсе жоқ. Сол үшін де жылқыға арнап музей ашу керек деп санаймын.

Ат спортына келетін болсақ, бізде бәйгенің өзі дұрыс өтпейді. XIX-XX ғасырдағы қазақ бәйгелерін алып қарайық. Бұл жерде бәйгедегі атқа сыйлық беру, ат терін бағалау мәселесін айтып отырмын. Кезінде атжарысқа қатысқан аттардың он пайызына жүлде берілген. Алыс-жақын жерден келген атбегілерді құр қол қайтармаған. Мысалы, Құлагердің бәйгесінде 300 ат шапса, оның он пайызы жүлде иеленген. Тіпті, қазақы бәйгелерде топ жарған жүйріктерден бөлек, ең соңғы келген бәйге атына да сыйлық берген. Қазақ оны «шаңбасар» деп атаған. Мазактап, күлкіге айналдыру сарынында мүйізі қисық бұқа, тоқал ешкі, т.б. сынды сыйлықтар берген. Сондықтан ұлттық бәйгенің сыйлық мәселесін де реттеу керек деп ойлаймын.

Екіншіден, біздің қазақтың бәйгелерінің ұзақтығы 100 километрден кем болмаған. Нағыз бәйге 50–100 километрдің арасында болуы керек. Қазақ жылқыларының бағы қай кезде жанады?! Алыс аламан бәйгелерде жанады. Ұзақ шақырымда ғана қазақ жылқысының төзімі сыналғаны туралы ақпараттар бар.

Қуандық ШЫҢҒЫСУЛЫ, Ұлттық спорт қауымдастығының департамент басшысы, Ұлттық спорт жоғары мектебінің директоры:

АТ СПОРТЫНА ДҰРЫС КӨЗҚАРАС ЖОҚ

Мәселе Дүниежүзілік көшпенділер ойынында ғана емес. Жалпы, бұл – көптен бері күтіп жүрген жиын. Биыл Ұлттық Спорт қауымдастығы Аграрлық университетпен бірігіп, оқу бағдарламасын жасады. Елімізде осыған дейін ат спортына байланысты ветеринар мамандар мүлдем оқытылмады. Соның бағдарламасын жасап, таныстырылымын өткіздік. Биыл талапкерлер Қазақстанның тарихында бірінші рет осы мамандық бойынша ЖОО-да грантта оқи алады. Ат спортына бағытталған мал дәрігерлерін дайындау елімізде бірінші рет жүзеге асырылмақ.

Жылқы шаруашылығы дегенде көбі оны тек азық ретінде ғана қарайды. Біздің мақсатымыз – спортқа бейімделген аттардың санын көбейту. Бұл – стратегиялық мәселе. Ұлттық спорттың заңын қабылдау ойымызда бар. Өйткені, ұлттық спортқа, оның ішіндегі ат спортына дұрыс көзқарас жоқ. Бізде инфрақұрылым дамымаған, ипподромдардың жағдайы нашар. Ұлттық спортты дамыту үшін бұл салаға индустрия ретінде қараған жөн сияқты.

Аманжол ӘЛТАЙ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі:

ЕЛ ТІЗГІНІН ҰСТАУДЫҢ ӘЛІППЕСІ
ТАЙ ТІЗГІНІН ҰСТАУДАН БАСТАЛАДЫ

Кең байтақ даламызды тұлпардың белінде жүріп қорғап келдік. Шекарамызды аттың тұяғымен белгіледік. Жылқыға байланысты сөз қозғалса, мемлекеттік тілдің жылқы шаруашылығына тікелей байланысты екенін білеміз. Жапон халқы тілдік қорынан күріш шаруашылығына қатысты сөздерді алып тастаса, ана тілінің жұтаңдалып қалуын уайымдайды. Сол сияқты, біздің уайымымыз жылқыға қатысты сөздермен астарлас.

Ел тізгінін ұстаудың әліппесі тай тізгінін ұстаудан басталады. Ат спортына қатысты біраз қадам жасалды. Дейтұрғанмен, сала дамуының кешеуілдеуіне бірнеше себеп болды. Парламент қабырғасында ат спортына қатысты арнайы заң жобасының қабылданбауы себеп болды деп ойлаймын. Биыл Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өзінің байрағын қазақ жерінде көтереді. Бұл біздің елдігімізге үлкен сын болмақ. Жүздеген елдің спортшылары қатысатын байрақты бәсекеде қазақ тұлпарларының даңқы асқақтайтын халықаралық деңгейдегі басқосу болады деп ойлаймын.

P. S.

Қауымдастыққа қарасты 9 федерацияның 6-ауы жылқымен тікелей байланысты. Демек, ұлттық спортты дамытамыз десек, алдымен спорттық жылқылардың санын көбейтіп, сапасын арттыру маңызды болып тұр.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 7 айға – 3752,84 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 7 айға – 5152,84 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 7 айға – 2352,84 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ТАЗА ҚАЛА

ЖАСТАРҒА ҮЛГІ

«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының зейнеткерлері үш саябақта плоггинг өткізді

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында Алматы қаласының әр ауданындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының зейнеткерлері өз жаттықтырушыларының жетекшілерімен скандинавиялық серуендеу бойынша эко-плоггинг өткізді.



Экоакцияға қатысушылар жаттығуды Тұңғыш Президент, 28-ші панфиловшылар мен М.Ганди атындағы саябақтар аумақтарында тазартумен қатар жүргізді. Осылайша орталықтардың зейнеткерлері салауатты өмір салтын үйлеңдіріп отырып, қаланың дамуы мен тазаруына да үлестерін қосты. Акцияға барлығы 150 адам қатысты. Қала – жалғыз, ал біз – көпміз. Жақсы бастама көпшен бітеді. Ардагерлердің бұл қадамы жастарға үлгі болады.

Нұр ЖАМАЛ.

СЫНАҚ ЖҰМЫСТАРЫ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ, КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАР БАСШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2024 ж. 10 мамырда сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Алғабас» ықшамауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктінде дейін мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, Төле би көшесі, 308-үй ДУ-800 жылу магистралінде қайта гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықшамауданы, Ақсайская көшесі, Марғұлан көшесі, Трудовая көшесі, «Алтын бесік» ықшамауданы, «Ақсай-3», «Ақсай-3 А» ықшамауданы, «Ақсай-3 Б» ықшамауданы, «Ақсай-2» ықшамауданы, Саин көшесі (Төле би және Қаболов көшесі), «Сайран» Орталық халықаралық автобөкетінің батысына қарай (Саин көшесі мен Өтеген батыр көшесі аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарарақат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.

Қосымша мәліметтерді алуға болады, тел.: 8 (727) 227-70-21.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы ҚДСБ «№10 қалалық емханасы» КМК Жарғысының жоғалғаны туралы хабарлайды. Құжатты тауып алсаңыз, емхана әкімшілігіне хабарланыңыз. Алматы қаласы, «Ақсай-4», 17-үй, тел.: 238-30-39, email: mail@gp10almaty.kz.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫДА ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

Биыл Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 32 жыл толды. Отан қорғаушы күні қарсаңында Алматының барлық мектебінде «Ерлік сабақтары», сынып сағаттары, оқырмандар мен эсселер байқаулары және т.б. өтеді.

• Өуезов ауданында 3 мамыр күні сағат 10.00-де Б.Момышұлы атындағы Алматыдағы «Жас ұлан» республикалық әскери мектептің базасында «Ұранды елдің ұрпағы қайсар» мерекелік іс-шарасы өтіп, театрландырылған қойылым көрсетілді.

• Түркісіб ауданында 6 мамыр күні сағат 15.00-де ҚР Құрлық әскерлері Әскери институтының базасында көркемөнер ұжымдары мен әскери бөлімдердің қатысуымен концерт өтті.

• Наурызбай ауданында 6 мамыр күні «Ақжар» шағынауданында Дәулеткерей көшесі, 178, 2027 әскери бөлімінің аумағында сағат 10.00-де әскери қызметшілерді марапаттау және сарбаздардың ант қабылдау рәсімі өтті.

• Бостандық ауданында 7 мамыр күні сағат 09.00-де Попов к-сі, 1А мекенжайында «Ел ертеңі – бүгінгі жастар» атты салтанатты іс-шара өтеді. Іс-шара барысында әскери қызметшілер марапатталып, қонақтар үшін саптық марш ұйымдастырылады.

• Алмалы ауданында 6 мамырда сағат 11.00-де №120 гимназияда «Жас сарбаз» (9–11-сыныптар арасында) әскери-спорттық ойындарының жарысы өтті. Сағат 13.00-де №55 ЖББМ-де (7–9-сыныптар арасында) Сап және ән байқауы болды.

• Жетісу ауданында 7 мамыр күні сағат 11.00-де Райымбек даңғылы, 235 (Орталық зират) мекенжайындағы «Белгісіз сарбаздың қабірі» ескерткішіне гүл шоқтары қойылады.

• Алатау ауданында 7 мамыр күні сағат 11.00-де аудан әкімдігі ғимаратының алдында «Ер есімі – ел есінде» ескерткішіне гүл шоқтары қойылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТҮРҒЫН ҮЙ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ САЛДАРЫНАН ТҮРҒЫН ҮЙСІЗ ҚАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

«Алматы қаласы коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 58-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен бекітілген Төтенше жағдай салдарынан тұрғын үйсіз қалған азаматтарға тұрғын үй беру қағидаларына сәйкес 2024 жылғы 8 ақпанда Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Тау-Самал» шағынауданы, Олимпийская көшесі, 3 А үй бойынша көшкінің түсуі нәтижесінде болған төтенше жағдай кезінде тұрғын үйсіз қалған азаматтардың тізімін жариялайды.

№	ТАӘ	Өтініш берілген күні	Отбасы құрамы	Тұрғын үй беру негіздері	Бұзылған тұрғын үйдің мекенжайы	Бұзылған тұрғын үйдің алаңы
1.	Шин Дмитрий Витальевич	2024 жылғы 4 мамыр	1 адам	«Қазселденқорғау» ММ АҚПТБ-ның көшкінді зерттеу актісі	Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Тау-Самал» ш/а, Олимпия көшесі, 3 А үй	69,9 ш.а.

КӨНІЛ АЙТУ

Азаматтық авиация академиясы ұшқыштарды тәрбиелеу мен даярлауға зор үлес қосқан азаматтық авиация ардагері, 1 класс инженер-ұшқышы, Азаматтық авиация академиясының ардагері, профессор

Ермек Сансызбайұлы АБДРАМАНОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және реталу бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Гамма-принт» ЖШС-де басылды. 050061, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369.
Тел.: 247-98-30
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА

ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

Әбдімәлік Нысанбаевқа құрмет көрсетілді

Алматының Медеу ауданында Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері Әбдімәлік Нысанбаевқа ескерткіш-тақта орнатылды.



Досбол
АТАЖАН

Төлебаев пен Құрманғазы көшелерінің қиылысында орналасқан тұрғын үйдің қасбетінде Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, профессор Әбдімәлік Нысанбаевтың мемориалдық тақтасы орнатылды. Салтанатты іс-шараға қатысқан Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов құттықтау сөзін айтты.

«Әбдімәлік Нысанбаев еліміздің ғылым дамытуға зор үлес қосқан тұлғаның тұлға болатын. Ол еңбек жолын Ұлттық Ғылым академиясының Философия институтында бастап, өмірінің соңына дейін Ғылым ордасында қызмет етті. Қатардағы ғылыми қызметкерден институт басшылығына дейін академиялық жолдан өтті. Бүкіл саналы ғұмырын ғылымға арнап, философия, саясаттану, мәдениеттану салаларын терең зерттеді. Әсіресе, қазақ философиясының қалыптасуына мол еңбек сіңірді», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов.

Келесі кезекте сөз алған ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов Әбдімәлік Нысанбаевтың жетістіктерін атап өтті.

«Әбдімәлік Нысанбаев – тек Қазақстанның емес, ТМД елдерінің арасынан шыққан ең ірі философтардың бірі. Ол кісінің орны бөлек. Философия ғылымын дамытып, жоғары дәрежеге жеткізді. Әбекең Қазақстанда жаңадан бағыт алған саясаттану, әлеуметтану және т.б. қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың бірнеше бағытын ашып, негізін салды. Ол кісінің шәкірттері Қырғызстан, Өзбекстан және бүкіл түркі



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

елдерінде бар, Мәскеуде де жұмыс істейді», – деді ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов.

Ескерткіш-тақтаның ашылуына қатысқан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлқенов тарихи тұлға туралы естелік айтты.

«Әбдімәлік ағамыз бәріміз жақсы көретін адам еді. Өйткені, ол кісінің жүрегі мейірімге толып тұратын. Қасындағы адамдарға, кейінгі келе жатқан жастарға ол кісінің көрсеткен қамқорлығы ұшан-теңіз. Мен

таңқалатынымын, ешқашан жалғыз келе жатпайтын, жанында бірнеше адам жүретін. Сол қасындағы адамдардың барлығы да Әбдімәлік ағамның аузына қарайтын. Өйткені, ол қазақ философиясын, есте жоқ ескі дүниелерді білетін, сол білгенін ең бірінші жастарға құйып келе жататын. Қазіргі ел басқарып жүрген мықты саясаткерлердің де біразына осы кісі жетекшілік жасаған», – деді Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлқенов.

Айта кеткен жөн, Әбдімәлік Нысанбаев

әр жылдары Философия және құқық институтында кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, ғылым философиясы және методологиясы бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1990 жылы Философия және саясаттану институты директоры, 1997–2003 жылы «Қазақ энциклопедиясы» баспасының Бас редакторы ретінде қызмет етті. Ғалым 570-тен астам ғылыми, ғылыми-сараптамалық, ғылыми-әдістемелік еңбектер, соның ішінде 30 монография, жеке кітаптар мен оқу құралдарын жазған.

«ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!»

ЖЕҢІМПАЗ ОҚЫРМАҢДАР АНЫҚТАЛДЫ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Almaty aqshamy» сүйікті қаламыздың бас басылымы ретінде өзінің тұрақты оқырмандарын тапқан. Газет пен оқырман арасын тіпті де жақындата түсу үшін жыл сайын «Жазыл да, ұтып ал!» акциясы ұйымдастырылып келеді. 3 мамыр күні жылдың жеңімпаз оқырмандары анықталды.



Естай
БОЖАН

Был да «Almaty aqshamy» басылымына жазылып, түбіртегін редакцияға жолдаған оқырмандар арасында бағалы сыйлықтар ойнатылды. Ал оның жеңімпаздары тәуелсіз бақылаушылар және редакция өкілдерінің қатысуымен анықталды.

Айта кетейік, «Жазыл да, ұтып ал!» акциясы басылымның жылдық жазылымына ие оқырмандар арасында өтеді. Жазылым түбіртектері айналымалы жәшікке салынып, одан тәуелсіз бақылаушы екі жеңімпаздың түбіртектерін алып шықты.

Тәуелсіз бақылаушы ретінде қатысқан «Қазақстан Республикасының Мамандандырылған оқу орталығы» ЖШС өкілі Владимир Соболевтің кездейсоқ таңдауымен, Алиманова Тажикан Тажиковна және Садикбеков К.Д. есімді оқырмандар «Ақшам» жеңімпазы» атанды.

Нәтижесінде Алимжанова Тажикан Тажиковна MAGNA M20B7001-W қысқатолқынды жылытқышқа, ал Садикбек К.Д. RAF Blender Set R368B сынды блендр жинағына ие болды. Сонымен қатар, «Вечерний Алматы» басылымының жеңімпаз оқырманы ретінде – Жуков Вадим Павлович пен Дин Надежда сынды оқырмандардың аты белгілі болды.

Жеңімпаз оқырмандарға сыйлықтарды жеткізу 7 мамырда өтетін болады. «Almaty aqshamy»-ның редакциясы барша жеңімпаздарды шын жүректен құттықтайды! Редакциямыз сапалы мәлімет, керекті ақпаратпен қатар оқырманға ізгі ниет пен жан жылуын жеткізуді мақсат етеді.

Газетіміздің келесі саны 14 мамыр, сейсенбі күні шығады.

ҰЛТТЫҚ БАНК:
ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 475,14 теңге

\$ USD/KZT 441,66 теңге

₽ RUB/KZT 4,86 теңге

¥ CNY/KZT 61 теңге